



# БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды  
қолдау орталығы

## **Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі**

*Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының мәдениет және тілдерді дамыту  
және архив ісі басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ  
Астана 2025**

### 1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

2025 жылғы 4 сәуірде Маңғыстау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының тапсырысы бойынша 2025 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға 4 қысқа мерзімді мемлекеттік грантты жалпы сомасы 40 817,0 мың теңге болатын конкурс жарияланды.Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

<https://www.instagram.com/p/DIJOqf-vAJM/?>

utm\_source=ig\_web\_copy\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==;

<https://www.instagram.com/p/DIJO6FvyR7/?>

utm\_source=ig\_web\_copy\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

<https://cisc.kz/ru/obyavlyaetsya-konkurs-po-zakazu-upravlenie-kultury-razvitiya-yazykov-i-arhivnogo-dela-mangistauskoy-oblasti/>

<https://cisc.kz/mangghystau-oblysynyng-maedeniet-tilderdi-damytu-zhaene-arhiv-isi-basqarmasyng-tapsyrysy-bojynsha-memlekettik-granttar-konkursy/#>

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылдың «4» сәуір мен «28» сәуір аралығында жүзеге асырылды.

### 2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 2 басым бағыт бойынша 2 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы (мың)
1	Суретшілер экспедициясын ұйымдастыру	1	11 021,0
2	Айтыс жанрындағы жас таланттарды қолдау	1	10 350,0
3	«Ұмытылмас өнер» жобасы	1	9 477,0
4	«Жас қаламгер» жобасы	1	9 969,0

### 3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Конкурс нәтижелері бойынша 4 үкіметтік емес ұйыммен 4 келісімшарт жасалды:

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Мәдениет пен өнерді дамыту	Суретшілер экспедициясын ұйымдастыру	қысқа мерзімді	«Ақтау суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі	05.06.2025 №65
2	Мәдениет пен өнерді дамыту	Айтыс жанрындағы жас таланттарды		«Жыр – жебе» ақындар мектебі»	05.06.2025 №64

		қолдау		қоғамдық қоры	
3.	Мәдениет пен өнерді дамыту	«Ұмытылмас өнер» жобасы		«Алтын оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қоры	05.06.2025 №66
4.	Мәдениет пен өнерді дамыту	«Жас қаламгер» жобасы		«JasART» жекеменшік мекемесі	09.06.2025 №67

Оператор тарапынан жүзеге асырылған мониторинг нәтижесіне, «Жыр-жебе» ақындар мектебі» қоғамдық қорының тарапынан жобаны жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар тиісті түрде жүргізілмегеніне байланысты 05.06.2025ж №64 Келісімшарттың бұзылуы Оператор тарапынан жүзеге асырылды.

Нәтижесінде Оператор мен Тапсырыс беруші арасында жасалған Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы 2025 жылғы «5» наурыздағы №1 Келісімшартына №1 Қосымша келісім жасалды.

#### **4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:**

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Мәдениет және өнерді дамыту» саласы бойынша 4 жоба бойынша Келісімшарт жасады. «Жыр-жебе» ақындар мектебі» қоғамдық қорының тарапынан жобаны жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар тиісті түрде жүргізілмегеніне байланысты 05.06.2025ж №64 Келісімшарттың бұзылуы Оператор тарапынан жүзеге асырылғанына байланысты, Оператор 3 жобаны жүзеге асырды.

#### **5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 40 817 000 теңгені құрайтын 4 гранттық жоба ұсынды.

#### **6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

#### **7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның**

**толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Ақтау суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі	Суретшілер экспедициясын ұйымдастыру	"Маңғыстау медиа" ЖШС	Әнуарбек Бимағамбет Қасымұлы	+7 (7292) 20 48 34 <a href="https://mangystaumedиа.kz/kk">https://mangystaumedиа.kz/kk</a>	
2	«Алтын оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қоры	«Ұмытылмас өнер» жобасы	«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, «Іскер әйелдер кеңесі»	Сауле Салихова	+7 701 522 4399	
Жергілікті газет басылымы: «Маңғыстау» газеті,			Ханым Қуат	+7 775 895 7287		
MANGYSTA U TV/ Маңғыстау телеарнасы			Нурбол Оқуов	+7 701 570 0910		
3	«JasART» жекеменшік мекемесі	«Жас қаламгер» жобасы	«Маңғыстау медиа» ЖШС	Әнуарбек Бимағамбет Қасымұлы	+7 (7292) 20 48 34 <a href="https://mangystaumedиа.kz/kk">https://mangystaumedиа.kz/kk</a>	

**8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

**9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

**10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

**11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:**

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

**12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.**

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

**Басқарма Төрағасының м.а.**

**Каримова А.Е.**

**Бас бухгалтер**

**Ибраева Ш.З.**

**1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**

«Алтын оймақ» қолөнерді дамыту жөніндегі қоғамдық қоры

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):**

Сагинаева Әуес

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:**

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағынаудан, 5 уй, 17 пәтер, 8 701 905 9630

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:**

«Ұмытылмас өнер» жобасы

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету)**

2025 жылдың «05» маусым мен 2025 жылдың «30» қарашасы аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

9 477 000,0 теңге (басым бағыттар тізбесі бойынша)

9 466 570, 0 теңге (жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша)

**2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**

«Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):**

Балтабаев Тынышбек Паизханович

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:**

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, 28 а үй, 56 пәтер, 8 701 077 0084

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:**

Суретшілер экспедициясын ұйымдастыру

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):**

2025 жылдың «1» тамызы мен 2025 жылдың «30» қарашасы аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

11 000 021 теңге (басым бағыттар тізбесіне сәйкес толық игерілді).

**2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**

«JasART» жекеменшік мекемесі

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):**

Исаева Алия Жангелдинқызы

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:**

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5 шағын ауданы, 20 үй, 85 пәтер, 8 776 478 7229

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:**

«Жас қаламгер» жобасы

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):**

2025 жылдың «5» тамызы мен 2025 жылдың «30» қарашасы аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

9 969 000 теңге (басым бағыттар тізбесіне сәйкес);

9 466 570 теңге (жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша).

## Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

**Грант алушы:** «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі

**Басым бағыттың атауы:** Суретшілер экспедициясын ұйымдастыру

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1-міндет. Аймақтағы дарынды суретшілерді анықтау, іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру.**

*№ 1 іс-шара. Маңғыстау облысының суретшілеріне арналған халықаралық мәдени сапарына қатысу мүмкіндігін беретін іріктеу шарасын ұйымдастыру. Маңғыстау облысынан кемінде 6 суретшіні өзара ішкі іріктеу экспедиция төрағалары анықтайды*

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 б шағын аудан, 2 ғимаратта, Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының келісімімен Маңғыстау облысының суретшілеріне арналған халықаралық мәдени сапарына қатысу мүмкіндігін беретін іріктеу шарасы өткізілді.

Өз кезегінде, Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының келісімімен іс-шараның жұмыс жоспары, ережесі әзірленіп бекітілді.

Іс-шара барысында, іріктеу комиссиясының жұмысы ұйымдастырылды. Нәтижесінде, республикалық экспедицияға 6 адам іріктелініп алынды.

Өңірдің 4 суретшісі және Қырғызстан Республикасының 2 шебер суретшісі:

1. Балтабаев Т.П.
2. Танатов А.Б.
3. Жаниязов Д.Ж.
4. Тәжібай Н.
5. Бокоев Т
6. Сүйінбеков Ж.

Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген іс-шараның фото-бейнероликтері мен акпарттары инстаграм (galleria\_oner), фейсбук (ақтау қалалық суретшілер одағы), тик ток (suretshilerodagy) әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/r/1DqypKbjVq/>

[https://www.instagram.com/p/DO9Yn4diF6N/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/DO9Yn4diF6N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

Конкурстық іріктеуден өткен 6 өңір суретшісінің қатысуымен 2025 жылғы 24 қыркүйек күні Түркия мемлекетінің Ризе, Каппадокия, Измир, Чанакале, Станбул қалаларына мәдени сапардың алғашқы күні ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1Chk5c3e7Z/>

[https://www.instagram.com/reel/DPBFk3sEmYh/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/DPBFk3sEmYh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

**2-міндет. Маңғыстау облысының кемінде 6 суретшінің қатысуымен 4 пленэр мен 2 шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, Түркияның танымал суретшілерін тарту, сондай-ақ арт-экспедиция өткізу және Түркияның көркем галереялары мен ұлттық музейлерімен танысу**

***№ 1 іс-шара. Шебер суретшілерінің қатысуымен «Шай ордасы – Ризе» қаласында арт экспедиция өткізу***

Өңір суретшілерінің және Қырғызстан Республикасының шебер суретшілері қатысуымен Түркия мемлекетінің 5 қаласына «Шай ордасы – Ризе», (пленэр этюд), «Қыш қаласы – Каппадокия», (пленэр этюд, шеберлік сағат), «Көркем қала – Измир» (пленэр этюд), «Ежелгі троя мұражайы – Чанаккале қаласы, «Жер кіндігі – Станбул» (пленэр этюд, шеберлік сағат), қаласының тарихи мәдени киелі жерлеріне халықаралық мәдени сапарында пленэр этюд, шеберлік сағаттар сериясын ұйымдастырылды.

Іс-шара мақсаты - «Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясы мүшелеріне мәдени пленэр сапарын, суретшілер экспедициясын ұйымдастыру. Өңірдегі қылқалам шеберлеріне қолдау көрсете отырып, шетелдік дарынды суретшілермен іс-тәжірибе алмасу арқылы олардың біліктілік қабілетін арттыру, шеберлік қасиеттерін шыңдау.

2024 жылдың 29 қыркүйек – 03 қазан аралығында 50 көрерменді қамтыған «Шай ордасы – Ризе», (пленэр этюд) қаласында өңір суретшілерінің және Қырғызстан Республикасы шебер суретшілерінің қатысуымен пленэр этюд ұйымдастырылды.

Пленэр - бұл табиғи ортадағы табиғаттың көркем бейнесі, жарықтың ерекшеліктерін, табиғаттағы заттардың түс байлығын табиғи ортада бейнелеу.

Пленэр этюд іс-шарасының әлеуметтік желідегі жарияланымдарының сілтемесі:

<https://vm.tiktok.com/ZMDduv6jA/>

[https://www.instagram.com/p/DPR2qXUCMq5/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/DPR2qXUCMq5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

[https://www.instagram.com/reel/DPR4AqgADSI/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/DPR4AqgADSI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

Табиғаты ерекше өңірде өткен пленэр барысында қылқалам шеберлері Ризенің жасыл таулары мен шай алқаптарының бейнеледі. Көрермендер мен қала тұрғындары іс-шара соңында ыстық ықыластарын білдіріп, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын жеткізді. Шығармашылық атмосфера мен табиғаттың үйлесімі суретшілерге жаңа шабыт сыйлады.

Ризедегі пленэр екі күнге жалғасты. ART экспедициясының келесі сапары «Қыш қаласы – Кападокия», бұл бағыт Түркияның мәдени және тарихи мұрасына арналған келесі шығармашылық аялдама болды.

### ***№ 2-іс-шара. «Қыш қаласы – Кападокия» қаласында арт экспедиция өткізу***

2025 жылдың қазан айында 100 көрерменнің қатысуымен «Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясы командасы өңір суретшілері мен Қырғызстан Республикасы шебер суретшілерінің қатысуымен «Қыш қаласы – Кападокия» қаласында пленэр этюд, шеберлік сағатын ұйымдастырды.

Елуге тарта тарихи және сәулет ескерткіші орналасқан бұл қалада өңірімізден барған суретшілер мен шетелдік дарынды суретшілер өз тәжірибелерін ортаға салды. Сан бояулы ғажап өнердің құдіреттілігін көз алдында бейнелеп берген бұл пленэр мен шеберлік сағаттарының мәні мен маңызы зор болды.

Таңғы уақытта аспанда қалықтаған әуе шарлары мен үңгірлі аңғарлардың сұлулығы суретшілердің туындыларына арқау болып, табиғат пен шабыттың тоғысы әр қатысушыға ерекше әсер сыйлады.

ART экспедициясының Кападокиядағы аялдамасы — өнер мен ынтымақтастықты дәріптеген сапардың жарқын кезеңіне айналды.

Пленэр этюд, шеберлік сағат іс-шарасының әлеуметтік желідегі жарияланымдарының сілтемесі:

<https://vm.tiktok.com/ZMDdHM4Vb/>

<https://vm.tiktok.com/ZMDdHN8AY/>

<https://vm.tiktok.com/ZMDduwkRm/>

<https://www.facebook.com/reel/1533916257967594/>

<https://vm.tiktok.com/ZMDdHYWn1/>

### ***№ 3 іс-шара. Көркем қала – «Измир» қаласында арт экспедиция өткізу***

2024 жылдың қазан айында көркем қала – Измирде «Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясы өңір суретшілерінің және Қырғызстан Республикасының шебер суретшілерінің қатысуымен пленэр этюд ұйымдастырды.

Измир - теңіз, тарих, мәдениет пен табиғаттың үйлескен қаласы. «Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясының шығармашылық тобы сапарын теңіз жағасындағы көркем қала болып табылады.

Қала көрінісі мен теңіз жағалауы суретшілерге ерекше шабыт сыйлады. Пленэр барысында қатысушылар Түркияның танымал суретшісі Uner Ismailмен кездейсоқ танысып, өнер мен шығармашылық туралы пікір алмасты. Бұл кездесу суретшілерге тың ой мен жаңа серпін берді.

Измирдегі пленэр өнер мен ынтымақтастықтың жарқын көрінісі болды. Измир Түркияның батыс жағалауында, Эгей теңізіне шығатын қала ретінде үшінші ірі қала болып танылған.

Өз кезегінде, Түркияның «Yeşilgiresun» газетінде Түркияның Гиресун қаласында өткен Қырғызстан мен Қазақстаннан келген суретшілердің пленэр-этиودی туралы мақала жарық көрді.

Мақалада суретшілердің Гиресун қамалы мен теңіз жағалауындағы табиғи көріністерден алған әсерлері, сондай-ақ олардың туындылары арқылы қаланың сұлулығын бейнелеуі жайлы жазылған.

БАҚ сілтемесі: <https://vm.tiktok.com/ZMDdusNk4/>

Жоба аясында, «Түркі ғажаптары» шығармашылық сапары түркі елдері арасындағы мәдени байланысты нығайтып, ортақ рухани мұраны сурет өнері арқылы дәріптеуді мақсат еткен ауқымды жоба.

Өңір суретшілері мен Қырғызстан Республикасының дарынды суретшілерінің қатысуымен Измир қаласының көрікті жерлеріне барып, қаланың тыныс тіршілігімен танысты.

[https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/video/7560744463849639180?is\\_from\\_webapp=1&sender\\_device=pc&web\\_id=7553857104424846859](https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/video/7560744463849639180?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7553857104424846859)

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шараның ір рәсімі ілеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.facebook.com/share/p/1GqbCQGgfS/>

<https://www.facebook.com/share/p/1BXrC6AJCT/>

<https://www.facebook.com/share/r/1ANWjiFfyH/>

[https://www.instagram.com/p/DPwXBKPjLA7/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DPwXBKPjLA7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

<https://www.facebook.com/share/p/16pKJBDvhk/>

#### ***№ 4 іс-шара «Ежелгі троя мұражайы – Чанаккале» қаласында арт экспедиция***

Измирдегі шабытқа толы күндерден соң шығармашылық сапар бағытын Чанаккале қаласына бағыт алды. Өз кезегінде, 2025 жылдың қазан айында жоба каомандасы мен өңір суретшілері Чанаккале қаласына орналасып, пленр ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты - Маңғыстау облысындағы кемінде 6 суретшіге арналған халықаралық мәдени пленэр сапарын және суретшілер экспедициясын ұйымдастыру.

Өңірдегі қылқалам шеберлеріне қолдау көрсете отырып, шетелдік дарынды суретшілермен іс-тәжірибе алмасу арқылы олардың біліктілік қабілеттін арттыру, шеберлік қасиеттерін шыңдау.

Бұл өңір тарих пен аңыз тоғысқан қасиетті мекен. Ежелгі Троя қаласының ізі жатқан, әр тасы мен желі ерлік пен махаббат жырын шертер Чанаккале суретшілерге ерекше рухани әсер сыйлады.

Троя мұражайындағы ежелгі жәдігерлер, Троян соғысының аңызы мен батырлардың ерлік шежіресі қылқалам иелерінің қиялын тербеп, жаңа туындыларға арқау болды.

Пленэр барысында әр суретші өз көзімен көрген тарихты бояу тілімен сөйлетіп, ежелгі өркениет пен қазіргі заманның тоғысын бейнелеуге тырысты. Чанаккаледе өткен әр сәт суретшілерге өткен мен бүгінді байланыстыратын ерекше шабыт берді.

«Өнер арқылы достық көпірі» деп аталған жоба аясында суретшілер Трабзон, Гиресун, Коджаэли, Анталья және Измир қалаларында болып, соңғы аялдамасы ретінде Чанаккалеге жетті. Жобаның идеясы біраз уақыт Қазақстанда болған түрік суретшісі Бюлент Дурмушқа тиесілі. Ол Қазақстанда басталған достық қатынастардан шабыт алып, екі ел арасында мәдени және көркем көпір орнатуды мақсат еткен.

Суретшілер Чанаккаленің тарихи нышандарын — Шейіттер ескерткішін, Троя жылқысын және Сағат мұнарасын кенеп бетіне түсіре отырып, өнер арқылы екі ел арасындағы достықты нығайтып келеді.

Жоба аяқталған соң суретшілердің Түркия сапары кезінде салған туындылары Қазақстанда өтетін арнайы көрмеде өнер сүйер қауым назарына ұсынылады. Көрмеге Түркия консулдықтарының өкілдері де шақырылады.

Сол сияқты, Қазақстанның да маңызды тарихи және мәдени нысандарын бейнелейтін бұл жоба Түркияда және Қазақстанда өтетін бірлескен көрмелер арқылы жалғасын табуда.

Суретші Бюлент Дурмуш жоба туралы: «Өнер — бұл әмбебап тіл. Біз осы тіл арқылы екі елдің халықтарын жақындатқымыз келеді. Әрбір салған сызығымыз — достықтың ізі болмақ», деген жеке пікірін атап өтті.

Мақалаға сілтеме:

<https://www.kaleninsesi.com/kazak-sanatcilar-canakkaleye>

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шараның ір рәсімі ілеуметтік желіге жарияланды. Өлеуметтік желі жарияланымы:

<https://www.facebook.com/share/r/1AVDVRh7bb/>

[https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7561894168335748408?is\\_from\\_webapp=1&sender\\_device=pc&web\\_id=7553857104424846859](https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7561894168335748408?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7553857104424846859)

[https://www.instagram.com/p/DP5VEBsiPEn/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/DP5VEBsiPEn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

<https://www.facebook.com/share/r/1BqFhpPjms/>

### ***№ 5 іс-шара. «Жер кіндігі – Стамбул» қаласында арт экспедиция***

«Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясының шығармашылық сапары Түркияның жүрегі Стамбул қаласында жалғасты.

Бұл ретте, 2025 жылдың қазан айында Түркияның Стамбул қаласында орналасқан тарихи Сұлтанахмет мешіті маңында халықаралық мәдени сапар ұйымдастырылып, табиғат аясында пленэр мен шеберлік сағаттар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, команда мүшелері Стамбул қаласында орналасқан галереяға барып сол жақты шебер суретшілерінің туындыларымен танысты. <https://www.facebook.com/share/p/17osz4oNeo/>

Бұл ғасырлар үнін сақтаған, өнер мен руханият астасқан ғажайып мекен. Азия мен Еуропаны жалғап тұрған қос құрлықтың торабындағы Стамбул, суретшілерге жаңа серпін мен шабыт сыйлады.

Босфордың толқынында тербелген күн сәулесі мен қала мұнараларынан тараған азан үні әрбір қылқалам иесінің жүрегінде ерекше әуенге айналды. Суретшілер көгілдір күмбездерімен аспанды сүйген Сұлтанахмет мешітінің (Көгілдір мешіт) ғажайып сәулетін, мың жылдық тарихтың куәсі Аяя-Софияның айбынды келбетін, сондай-ақ биік төбеде сән түзеген Сүлеймание мешітінің салтанатын кенептеріне арқау етті.

Қала көшелеріндегі өмір мен мәдени ырғақ, шығыс пен батыстың үйлесімі суретшілердің кенептерінде түрленіп, замана мен тарихтың үндестігін паш етті. Әрбір штрих, әрбір бояу Стамбулдың мәңгілік жаны мен терең рухын жеткізгендей.

Экспедиция мүшелері бұл сапарды өнер мен тарихтың жаңа беті деп бағалады. Себебі Стамбул — тек қала емес, ол — сан ғасырлық естеліктер мен адамзат өркениетінің алтын көпірі.

<https://www.facebook.com/share/r/1AgVda7kt2/>

[https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7563664299420355851?is\\_from\\_webapp=1&sender\\_device=pc&web\\_id=7553857104424846859](https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7563664299420355851?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7553857104424846859)

[https://www.instagram.com/p/DQFA6YEjFM1/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/DQFA6YEjFM1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

<https://www.facebook.com/share/p/17ksGU7oSC/>

<https://www.facebook.com/share/p/1KnqmuXFEe/>

<https://www.facebook.com/share/r/1CB9haMEAY/>

Аталған іс-шара «Ақтау –Түркі әлемінің астанасы» аясында өтіп, қатысушыларға түркі мәдениеті мен ислам архитектурасының көркемдік ерекшеліктерін зерттеу, натурадан этюдтер жазу және тәжірибе алмасу мүмкіндігі берілді.

***№ 6 іс-шара Түркияның танымал суретшілерін тарту, сондай-ақ арт-экспедиция өткізу және Түркияның көркем галереялары мен ұлттық музейлерімен танысу***

Түркияның танымал суретшісі Сабри Озтюрк тарта отырып, тарихы терең шабыт пен серпін сыйлайтын Түркия қалаларында арт-экспедиция өткізіліп, жоба командасы Түркияның көркем 7ART Gallery көркем галереясы мен ұлттық музейлерімен танысты.

***№ 7 іс-шара. Суретшілердің есебі.***

АРТ экспедиция аясында, 6 суретшінің түрлі 65 туындысы жарық көріп, Ақтау қаласының музейіне орналастырылды. Сонымен қатар, суретшілердің жеке пікірі баяндалған бейнематериал дайындалды.

Бейнематериал сілтемесі:

1. <https://www.facebook.com/share/r/1By6ACo4LG/>

2. <https://www.facebook.com/share/r/1C6sbfVCuR/>

3. <https://www.facebook.com/share/v/1GBPxpZjKD/>

4. <https://www.facebook.com/share/r/1DLxxwPuww/>

5. <https://www.facebook.com/share/r/16v5aAiqsi/>

6. <https://www.facebook.com/share/v/1ZMufpBcWV/>

**3-міндет. Ақтау қаласында «Түрік ғажаптары» атты өңір суретшілерінің дарынды суретшілері жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу**

***№ 1 іс-шара. «Түрік ғажаптары» атты өңір суретшілерінің дарынды суретшілері жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу және суретшілердің кемінде 40 жұмысы қамтылатын картиналар көрмесі***

2025 жылдың 14 қарашасында Ақтау қаласында «Өнер» art. Галереясында 100 адамның қатсуымен халықаралық деңгейдегі «Түрік ғажаптары» атты көркемсурет көрмесі өтті. Көрмеде суретшілердің 65 туындысы таныстырылды.

Көрменің негізгі мақсаты түркі халықтары арасындағы мәдени байланысты нығайту, шығармашылық ынтымақтастықты дамыту және көрермен қауымға Түркияның тарихи-мәдени мұраларын көркем өнер арқылы таныту.

Бұл шара Түркия Республикасына шығармашылық сапармен барып қайтқан Қазақстандық және Қырғызстандық суретшілердің өнер туындыларын кең қауымға таныстыру мақсатында ұйымдастырылған мәдени шара болды.

Көрме экспозициясына Түркияның Ризе, Каппадокия, Измир, Чанаккале және Стамбул қалаларында орындалған пленэрлік этюдтер, графикалық жұмыстар, пейзаждар мен мәдени-көркем композициялар енгізілді. Әрбір туындыда суретшілердің түркі дүниесінің ортақ тарихына, мәдени болмысына және табиғи сұлулығына деген терең қызығушылығы мен шығармашылық танымы айқын көрініс тапты.

Көрмеге қатысқан қылқалам шеберлері - кәсіби суретшілер, өнер саласының тәжірибелі мамандары, халықаралық арт-пленэрлерге тұрақты түрде қатысатын шығармашылық өкілдер. Олардың еңбектері тек жеке шеберліктің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге Түркияның табиғаты мен рухани кеңістігін өнер тілінде паш етудің жарқын үлгісі болды.

Көрмеге Маңғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Нұртас Сали, ART-экспедиция мүшелері, мәдениет және өнер қайраткерлері, Түркиядан келген қонақтар, қала тұрғындары, сондай-ақ Маңғыстау өнер колледжінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Әлеуметтік желі жарияланымы:

<https://www.facebook.com/share/p/1NPmuMEZWb/>

[https://www.instagram.com/p/DS1b1v9DBRl/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/DS1b1v9DBRl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

БАҚ жарияланымы:

[https://mangystautv.kz/kz/news/41868?fbclid=IwY2xjawOrysNleHRuA2FlbQIxMQBzcnRjBmFwcF9pZAwzNTA2ODU1MzE3MjgAAR7-LobLSom8Jm0RGtfw6y0Hg0fNKweEDlq5MptJ\\_h-skvzrwMKoFgQAoHO8TA\\_aem\\_rZmn\\_yS5o\\_LT5XBGeF9TeA](https://mangystautv.kz/kz/news/41868?fbclid=IwY2xjawOrysNleHRuA2FlbQIxMQBzcnRjBmFwcF9pZAwzNTA2ODU1MzE3MjgAAR7-LobLSom8Jm0RGtfw6y0Hg0fNKweEDlq5MptJ_h-skvzrwMKoFgQAoHO8TA_aem_rZmn_yS5o_LT5XBGeF9TeA)

## ***№ 2 іс-шара. Көрме аясында Маңғыстау облысының жас суретшілеріне арналған шеберлік сағатын өткізу***

2025 жылдың 14 қараша күні Айрақты шатқалында «Түрік ғажаптары» атты ART экспедициясы бойынша Маңғыстау облысының 33 жас суретшісіне арналған шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Аталған шеберлік сыныпта жас мамандарға графикалық сурет салудың әдіс-тәсілдері көрсетілді.

[https://www.instagram.com/reel/DRHW4\\_2Egjk/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/DRHW4_2Egjk/?utm_source=ig_web_copy_link)

Шеберлік сағат барысында:

- Түркияда салынған пленэр этюдтер көрсетілді;
- Композиция, колорит, этюдтік тәсілдер бойынша практикалық кеңестер берілді;
- Жас суретшілермен ашық сұхбат пен тәжірибе бөлісу ұйымдастырылды;
- Түркияның тарихи қалалары Ризе, Каппадокия, Измир, Чанаккале мен Стамбулда түсірілген фото және бейнематериалдар ұсынылды.

Шара шығармашылық ынтымақтастықты нығайтып, жас буынға халықаралық деңгейде ойлау мен еңбек етуге шабыт берді. Суретші Балтабаев Тынышбек пен Қырғызстандық шебер суретші Жәнібек Сүйінбековтың жетекшілігімен өткен бұл шара студенттерге кәсіби шабыт

сыйлады. Студенттер кәсіби суретшілерден тікелей тәжірибе алып, бейнелеу өнерінің пленэр бағытын тереңірек меңгеруге жағдай жасалды. Өткізілген шеберлік сағат туралы әлеуметтік желіде ақпараттар жарияланды. Сілтеме:

<https://www.facebook.com/share/p/1Fod99y4iL/>

[https://www.instagram.com/p/DSICgdEjC99/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DSICgdEjC99/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

## **Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

### ***№ 1-іс-шара. Жобаның нәтижелері бойынша қорытынды онлайн есептік кездесу***

2025 жылғы 26 қараша күні жоба нәтижелерін талқылау және барлық іске асырылған іс-шаралар бойынша қорытынды ақпаратты ұсыну мақсатында онлайн форматта есептік кездесу өткізілді. Кездесу барысында жоба шеңберінде орындалған міндеттер, негізгі көрсеткіштер, қол жеткізілген нәтижелер және алдағы ұсыныстар баяндалды.

<https://www.facebook.com/share/p/1ARkzn4ZHW/>

[https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7582850864642116876?is\\_from\\_webapp=1&sender\\_device=pc&web\\_id=7553857104424846859](https://www.tiktok.com/@suretshilerodagy.1/photo/7582850864642116876?is_from_webapp=1&sender_device=pc&web_id=7553857104424846859)

### ***№ 2 іс-шара. Қатысушылардың кәсіби шеберлігінің артуы және шығармашылық мүмкіндіктерінің кеңеюін атап өтуі бойынша сауалнама***

Жоба аясынжа 1 фазалы сауалнама жүргізіліп, жоба командасымен оның мақсатты аудиториясының жобаға қанағаттану деңгейі 80 % - ды құрады және жоба қатысушыларының кәсіби шеберлігі 80 % - ға артты.

Сонымен қатар, 2 фокус топтық талқылау есебі жасалды.

## **Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

### ***№ 1 іс-шара. Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент- жоспар жасақтау***

Жобаны кең аудиторияға таныстыру және оның жүргізілу барысы туралы тұрақты ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кешенді медиакампания жүзеге асырылды. Сонымен қатар, өңірге бедгілі инфлюенсер ретінде суретші Таңатов Аймурат Базаржанович жобаға тартылды. Жоба бойынша ақпараттық жұмыстар онлайн форматта әлеуметтік желілер, интернет ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдарында таратылды. Жоба аясында 9 ақпараттық бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында жарияланды Жүргізілген ақпараттық жұмыстар 321 249 қаралымды құрады.

1. <https://www.facebook.com/share/p/17jvZ3wjPg/>
2. <https://www.facebook.com/share/r/1De9i2aP81/>
3. <https://www.facebook.com/share/r/1DEkiCNw9S/>
4. <https://www.facebook.com/share/p/1LZgMPBgaR/>
5. <https://www.facebook.com/share/r/14Sw1mYAAsn/>
6. <https://www.facebook.com/share/p/17xTS6pHe9/>
7. <https://www.facebook.com/share/r/1AVDVRh7bb/>
8. <https://www.facebook.com/share/r/1Dq3bSbBgM/>
9. <https://www.facebook.com/share/p/1J7bkwL5dL/>

Республикалық және өңірлік БАҚ-та жалпы 2 жарияланым жарық көрді.

1. [https://mangystautv.kz/kz/news/41868?fbclid=IwY2xjawOrysNleHRuA2FlbQIxMQBzcnRjBmFwcF9pZAwzNTA2ODU1MzE3MjgAAR7-LobLSom8Jm0RGtfw6y0Hg0fNKweEDlq5MptJ\\_hskvzrwMKoFgQaOHO8TA\\_aem\\_rZmn\\_yS5o\\_LT5XBGeF9TeA](https://mangystautv.kz/kz/news/41868?fbclid=IwY2xjawOrysNleHRuA2FlbQIxMQBzcnRjBmFwcF9pZAwzNTA2ODU1MzE3MjgAAR7-LobLSom8Jm0RGtfw6y0Hg0fNKweEDlq5MptJ_hskvzrwMKoFgQaOHO8TA_aem_rZmn_yS5o_LT5XBGeF9TeA)
2. <https://www.facebook.com/share/p/17vxLqw6HL/?mibextid=wwXifr>

### ***1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:***

Әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты Маңғыстау облысының дарынды суретшілерін анықтау, олардың кәсіби әлеуетін арттыру, халықаралық шығармашылық кеңістікке шығуына жағдай жасау және түркі елдері арасындағы мәдени байланыстарды нығайту — жоба аясында толық көлемде жүзеге асырылды. Жоба өңірлік деңгейде суретшілерге қолдау көрсетуді көздей отырып, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуді басты басымдық ретінде белгіледі. Жобаны іске асыру барысында өңір суретшілеріне арналған ашық іріктеу ұйымдастырылып, нәтижесінде 6 суретші халықаралық ART-экспедицияға қатысу мүмкіндігіне ие болды. Аталған суретшілер Түркия Республикасының Ризе, Каппадокия, Измир, Чанаккале және Стамбул қалаларында өткен пленэрлер мен шеберлік сағаттарына қатысып, өз кәсіби тәжірибесін халықаралық деңгейде шындады.

Жоба нәтижесінде суретшілердің шығармашылық белсенділігі артты, олардың кәсіби көзқарасы мен көркемдік деңгейі айқын кеңейді. ART-экспедиция барысында 65 жаңа көркем туынды жазылып, олар кейіннен Ақтау қаласының музей қорына орналастырылды. Бұл жұмыстар өңірдің көркемсурет қорын байытып, ұлттық мәдени мұраны насихаттауға үлес қосты.

Сонымен қатар, жобаның қорытынды кезеңінде Ақтау қаласында «Түрік ғажаптары» атты республикалық көрме ұйымдастырылып, кең көрермен қауымға ұсынылды. Көрме арқылы жоба нәтижелері көпшілікке таныстырылып, қоғамда бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен мәдени белсенділік арта түсті.

### ***2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):***

Жоба мақсатына қол жеткізу нақты ұйымдастырушылық және шығармашылық іс-шаралар арқылы қамтамасыз етілді. Алдымен, Маңғыстау облысының суретшілеріне арналған іріктеу жұмыстары жүргізіліп, комиссия шешімімен халықаралық сапарға қатысатын 6 суретші анықталды. Бұл іріктеу жобаның ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етті.

Жоба шеңберінде жоспарланған іс-шаралар нақты жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Түркия аумағында 5 қалада 4 пленэрлер өткізілді, сондай-ақ 2 шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шеберлік сағаттары барысында қатысушылар кәсіби әдіс-тәсілдермен танысып, шетелдік суретшілермен тәжірибе алмасты.

Мақсатқа қол жеткізудің тағы бір маңызды дәлелі - жобаның ақпараттық ашықтығы. Барлық негізгі іс-шаралар әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жарияланып, жоба материалдары 321 249 қаралым жинады. Бұл жобаға деген қоғамдық қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті.

Сонымен қатар, жоба нәтижелері бойынша қорытынды онлайн есептік кездесу өткізілді және қатысушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама қорытындысы жобаның тиімділігі мен қатысушылардың қанағаттану деңгейі 80 % екенін көрсетті, бұл жобаның мақсаттарына нақты қол жеткізілгенін айғақтайды.

**3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:** ауытқу жоқ

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):**

Жоба басталғанға дейін өңір суретшілерінің халықаралық деңгейдегі жобаларға қатысу мүмкіндіктері шектеулі болды. Шетелдік суретшілермен жүйелі тәжірибе алмасу аз, ал халықаралық пленэрлер мен көрмелерге қатысу тәжірибесі жеткіліксіз деңгейде еді. Бұл жағдай суретшілердің кәсіби дамуына белгілі бір шектеу қойды.

Жобаны іске асыру барысында бұл жағдай түбегейлі өзгерді. Өңірдің 6 суретшісі халықаралық ART-экспедицияға қатысып, Түркия мен Қырғызстанның кәсіби суретшілерімен тікелей шығармашылық байланыс орнатты. Пленэрлер мен шеберлік сағаттары арқылы қатысушылардың кәсіби машығы айтарлықтай артты.

Жоба аяқталғаннан кейін өлшенген нәтижелер суретшілердің шығармашылық белсенділігі мен кәсіби деңгейінің өскенін көрсетті. Сауалнама нәтижесі бойынша қатысушылардың кәсіби шеберлігінің артуы 80 % деңгейінде тіркелді. Сонымен қатар, жаңа туындылардың музей қорына енгізілуі өңірдің мәдени капиталына нақты үлес қосты.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жоба өңірде бейнелеу өнеріне деген қызығушылықты арттырып, жас суретшілер үшін үлгі болатын тәжірибе қалыптастырды. Халықаралық көрме мен ашық шеберлік сағаттары мәдени диалогты нығайтып, жобаның ұзақ мерзімді әлеуметтік әсерін қамтамасыз етті.

## II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

### 1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
139	100	39

### 2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
139	0	33	0	0	0		0	1		105

### 3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
139	19	50	40	10	10	10	0

## III. Жобаның нәтижелері:

*1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

Жобаның негізгі нысаналы тобы - Маңғыстау облысының кәсіби және жас суретшілері болды. Жоба аясында 6 кәсіби суретші ART-экспедицияға қатысып, Түркияның 5 қаласында өткен шығармашылық іс-шараларға тікелей тартылды. Сонымен қатар, жобалық іс-шаралар арқылы 100 астам адам (көрме көрермендері, шеберлік сағатына қатысушылар, өнер студенттері) қамтылды.

Сандық нәтижелермен қатар, сапалық өзгерістер де айқын байқалды. Пленэрлер мен шеберлік сағаттарына қатысу суретшілердің көркемдік деңгейін, композициялық ойлауын және пленэрлік техникасын жетілдіруге ықпал етті. Қатысушылар шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу арқылы жаңа көркемдік бағыттар мен заманауи тәсілдерді меңгерді.

Жоба нәтижесінде нысаналы топ өкілдері тарапынан 65 жаңа көркем туынды дайындалып, олар Ақтау қаласының музей қорына орналастырылды. Бұл көрсеткіш өңір суретшілерінің шығармашылық өнімділігінің артқанын нақты дәлелдейді. Сонымен қатар, суретшілердің жеке пікірлері мен бейнематериалдар арқылы олардың кәсіби көзқарасының өзгергені айқын көрініс тапты.

Қатысушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі жобаның тиімділігін көрсетті: нысаналы топтың жобаға қанағаттану деңгейі 80 %, ал кәсіби шеберліктің артқаны 80 % деңгейінде тіркелді. Бұл көрсеткіштер жобаның нысаналы топқа нақты әрі өлшенетін әсер еткенін растайды.

***2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):***

Жоба іске асырылғанға дейін өңір суретшілерінің басты проблемаларының бірі халықаралық деңгейдегі шығармашылық ортаға шығу мүмкіндігінің шектеулі болуы және кәсіби тәжірибе алмасудың жүйелі түрде жүзеге аспауы еді. Бұл жағдай суретшілердің кәсіби дамуын тежеп, олардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға кедергі келтіретін.

Жоба осы проблеманы шешуге бағытталып, суретшілердің халықаралық арт-кеңістікке шығуына нақты жол ашты. Ұзақмерзімді перспективада бұл жоба өңір суретшілерінің халықаралық жобаларға қатысу белсенділігін арттырып, жаңа бірлескен жобалардың, көрмелер мен арт-экспедициялардың пайда болуына негіз қалайды.

Жобадан туындайтын оң өзгерістердің бірі мәдени байланыстардың тұрақты сипат алуы. Түркия және Қырғызстан суретшілерімен орнаған кәсіби байланыстар болашақта бірлескен көрмелер мен резиденцияларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жоба тәжірибесі өңірде халықаралық деңгейдегі мәдени жобаларды жүзеге асыруға институционалдық сенім қалыптастырады.

Жағымсыз өзгерістер қаупі минималды және негізінен қаржыландырудың тұрақсыздығына байланысты болуы мүмкін. Алайда жоба нәтижелерінің қоғамдық қолдауға ие болуы, ақпараттық қамтудың жоғары деңгейі және қатысушылардың белсенділігі бұл тәуекелдерді төмендетіп, жобаның ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

***3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:***

Жобаның әлеуметтік әсері ең алдымен өңірдің мәдени өмірінің жандануынан көрінді. Халықаралық көрме, ашық пленэрлер мен шеберлік сағаттары қала тұрғындарының бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, мәдени белсенділік деңгейін көтерді. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар қоғамда шығармашылық құндылықтарды насихаттауға ықпал етті.

Әлеуметтік тұрғыда жоба жас суретшілер үшін кәсіби үлгі мен мотивация қалыптастырды. Өңірдегі студенттер мен жас мамандар халықаралық тәжірибесі бар суретшілерден тікелей тәжірибе алып, өз кәсіби болашағына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік алды. Бұл кадрлық әлеуеттің сапалы қалыптасуына ұзақмерзімді әсер етеді.

Экономикалық әсер жанама түрде байқалды. Халықаралық сапарлар, көрмелер мен арт-іс-шаралар мәдени туризм элементтерін дамытуға ықпал етіп, жергілікті музейлер мен галереялардың тартымдылығын арттырды. Сонымен қатар, жазылған туындылардың музей қорына енуі өңірдің мәдени активтерінің құнын ұлғайтты.

Жалпы алғанда, жоба әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өңірдің мәдени капиталын нығайтып, шығармашылық индустрияның дамуына алғышарт жасады. Бұл өз кезегінде болашақта мәдени жобалар арқылы экономикалық белсенділікті арттыруға және өңірдің оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

**Грант алушы:** «Алтын Оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қоры

**Басым бағыттың атауы:** Ұмытылмас өнер

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1 міндет. Фестивальге дайындық**

*№ 1 іс-шара. Қолөнер шеберлерінің тізімін бекіту мақсатында бағдарламаға қатысушылардың (шеберлердің) мониторингін жүргізу, шеберлерді жоспарланған фестивальмен таныстыру*

Бағдарлама аясында қолөнер шеберлерінің тізімін бекіту мақсатында қатысушыларға (шеберлерге) кешенді мониторинг жүргізілді. Мониторингтің негізгі мақсаты – шеберлердің кәсіби деңгейін, тәжірибесін, шығармашылық бағытын және фестиваль талаптарына сәйкестігін анықтау.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерін дамыту және насихаттау мақсатында, оның ішінде киіз үйдің ішкі безендірілуіне қатысты ұлттық бұйымдар текемет, шайкиіз, құр, басқұр, шашақбау, аяққап, кестелі жабдықтар, зергерлік бұйымдар мен кәдесыйлар сияқты қолөнер түрлерін өндіруші шеберлердің жұмысын қолдау және олардың фестивальге дайындықтарын арттыру мақсатында «Алтын Оймақ» қоғамдық қоры 2025 жылдың маусым–тамыз айлары аралығында (Құрық, Ақтау, Жаңаөзен, Шетпе,) барлығы 6 мониторинг жүргізілді.

Мониторинг мақсаты - Маңғыстау облысының қала, аудандарында қолөнер шеберлерінің жұмысын анықтау, олардың фестивальге дайындығын зерделеу, қолөнер бұйымдарын өндіру ісін қолдау және насихаттау.

1-мониторинг Құрық ауылы бойынша 2025 жылдың 12- маусым күні, 16 адамның қатысуымен Құрық ауылы (Қарақия ауданы) Қарақия кәсіптік колледжінде жергілікті қолөнер шеберлерімен киіз үйдің ішкі сәндік элементтерін дайындайтын қолөнершілермен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – фестивальге қатысатын қолөнершілердің дайындығын бағалау, олардың қажеттіліктерін анықтау және алдағы іс-шараның мазмұндық деңгейін арттыру бағытында нақты қадамдар жасау болды. Мониторинг барысында қолөнершілердің жұмыстары сараланып, олардың шығармашылық әлеуеті мен фестивальге қосар үлестері талқыланды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DLYL2C9i5OB/?igsh=MmR6ajI4ZjBwbnp0>

<https://www.facebook.com/share/r/1CcR7VeVV1/>

<https://sites.google.com/view/altynoimaq-aqtau-aues>

Сонымен қатар, қолөнерді насихаттау, ұлттық мұраны ұлықтау және жас буынға үлгі ету мәселелері де кеңінен қарастырылды. Алғашқы кездесудің нәтижесінде фестивальге қатысушылардың қызығушылығы жоғары екендігі байқалды. Материалдық қолдауға қажеттілік пен кооперация мүмкіндіктері анықталды.

2-мониторинг Ақтау қаласы бойынша 2025 жылдың 2-шілде күні күні, 18 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, 35 ш/а, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ғимаратында өткізілді. Мониторинг мақсаты – жергілікті қолөнершілердің қазіргі жағдайын бағалау, олардың сұраныстары мен ұсыныстарын тыңдау, әрі қарайғы қолдау тетіктерін айқындау. Заманауи және дәстүрлі бағыттарды ұштастырған қолөнер шеберлері қаралды. Фестивальге арналған өнім желісін кеңейту бойынша ұсыныстар берілді. Ақтау қаласында өткен мониторинг нәтижесі бойынша қаланың белсенді шеберлерімен кездесу өтті.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DLnaItQiyMD/?igsh=MWxoYmlsMGVicTYxZg==>

<https://www.facebook.com/share/r/1CJhHG4c8u/>

Қолөнердің дамуындағы өзекті мәселелер мен жетістіктер сарапталды. Отандық өнімдердің танымалдығын арттыру жолдары талқыланып, жоба аясында атқарылатын іс-шаралар баяндалды..

3-мониторинг Жаңаөзен қаласы бойынша 2025 жылдың 10-шілде күні 17 адамның қатысуымен Жаңаөзен политехникалық колледжінде өткізілді.

Бұл шара – өңірдегі қолөнер шеберлерін қолдау, олардың шығармашылығын насихаттау және ұлттық мұраның дамуына жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылды. Мониторинг барысында қолөнер бағытындағы жобалардың жүзеге асуы, шеберлердің жұмысы мен сұранысы сарапталды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/DL2OtcOCiTf/?igsh=MXMyMjRmNWl5anQ5Yg>

<https://www.instagram.com/reel/DL4j4pLiilK/?igsh=NmcxYW91YmtpeWgz>

<https://www.instagram.com/p/DL8II0nCEza/?igsh=MXy1aTk2dm84ZWFodg==>

<https://www.facebook.com/share/p/1FU99vnbYi/>

<https://www.facebook.com/share/r/1BRTJgmjeb/>

<https://www.facebook.com/share/v/1B9eyyr7Z8/>

Сонымен қатар, алдағы іс-шаралар мен оқыту бағдарламаларына ұсыныстар мен пікірлер ортаға салынды. Ұлттық кестелеу, жүн, керамика, құрақ, басқұр тоқыма бұйымдарын дайындайтын шеберлердің жұмыстарына мониторинг жасалды. Шеберлер фестивальге белсенді қызу дайындалып жатқанын көрсетті.

4-мониторинг Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы бойынша 2025 жылдың 15-шілде күні 16 адамның қатысуымен Жыңғылды ауылы, мәдениет үйінде өткізілді. Мониторинг аясында өңірдегі қолөнершілердің жұмыстары таныстырылып, фестивальге дайындықтарын жұмыстары бойынша ұлттық өнерді жаңғырту бағытындағы жұмыстардың жүзеге асырылу барысы зерделенді. Қор мамандары шеберлердің туындыларымен танысып, бірқатар ұсыныстар мен әдістемелік қолдаулар берді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

1. <https://www.instagram.com/p/DL9sQXgiWzT/?igsh=cm5lMHp6c3hoZm5k>
2. <https://www.instagram.com/reel/DML1lm9iLPQ/?igsh=MWNhZHdtYzJkYms3YQ==>
3. <https://www.facebook.com/share/p/1JbScPBq22/>
4. <https://www.facebook.com/share/r/1CcQxqkuFB/>

Шетпе ауылы шеберлері дәстүрлі тоқымалық бұйымдар (құр, шашақбау, басқұр) өндірушілердің жұмыс процесі бағаланды. Шеберлер өнім сапасын арттыру бағытында жұмыс жүргізіп жатқаны байқалды. Іс-шара өңірдегі қолөнердің даму деңгейін бағалап қана қоймай, шығармашылық әлеуетті арттыруға серпін берді. Шетпе ауылы бойынша өткен мониторинг шарасына барлығы - 16 адам қатысты.

**5-мониторинг** Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қ. бойынша 2025 жылдың 18-шілде күні, Форт-Шевченко қ, тарихи өлкетану мұражайында өткізді. Форт-Шевченкодағы қолөнер саласымен айналысатын қыз-келіншектердің ұлттық қолөнерді дамыту, шығармашылық әлеуетін анықтау және олардың фестивалге дайындық жұмыстарын жүйелі түрде саралап, зерделеуге, бағалауға бағытталды. Қолөнершілердің жұмыстары жан-жақты зерделенді – әрбір шебердің техникасы, материалмен жұмыс істеу ерекшеліктері, туындыларының ұлттық сипаттағы ерекшеліктері талданды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/DMTU201C-Gj/?igsh=dGZ4cjFweDA5ZnI5>

<https://www.facebook.com/share/v/17C7nqCnDf/>

Қор тарапынан нақты ұсыныстар мен әдістемелік қолдаулар берілді – шеберлерге бәсекеге қабілеттілікті арттыру, өнімді цифрлық кеңістікке шығару және нарыққа бейімдеу бойынша кеңестер ұсынылды.

Бұл мониторинг – тек есептік шара емес, сонымен қатар жоба аясында ұйымдастырылатын фестивалге үлесі ұлттық мұраны сақтап, оны заманауи талаптарға сай дамыту жолындағы маңызды қадам. Форт-Шевченко бойынша өткен мониторинг шарасына барлығы - 23 адам қатысты.

**6-мониторинг** Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы бойынша 2025 жылдың 29-шілде күні, 17 адамның қатысуымен Бейнеу ауданы шеберлер шеберханасында өткізді. Бейнеу ауданы бойынша жергілікті шеберлердің киіз үй жабдықтары (басқұр, текемет, аяққап) мен ағаш бұйымдар дайындау барысы қаралды. Мониторинг барысында қатысушы шеберлер алдағы фестивалге қатысуға жоғары қызығушылық танытып, өз өнімдерін ұсынуға дайын екендіктерін білдірді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, мониторинг барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

[https://www.instagram.com/p/DMtMXI\\_iIm6/?igsh=MW5kaTRhY25seXk3cQ==](https://www.instagram.com/p/DMtMXI_iIm6/?igsh=MW5kaTRhY25seXk3cQ==)

<https://www.facebook.com/share/r/1RoUNurNb2/>

<https://www.facebook.com/share/v/16BiJEPefR/>

## ***№ 2 іс-шара. Ұйымдастыру комитетінің жұмысын даярлау. Фестиваль бойынша дайындық жұмысын жүргізу***

Фестивальді жоғары деңгейде өткізу мақсатында ұйымдастыру комитетінің жұмысы алдын ала жоспарланып, кешенді даярлық жұмыстары жүргізілді. Дайындық кезеңі фестивальдің барлық ұйымдастырушылық, шығармашылық және техникалық аспектілерін қамтиды.

Ұйымдастыру комитетін қалыптастыру барысында фестивальді өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылды. Комитет құрамына жауапты мамандар, сала өкілдері және ұйымдастырушылар енгізіліп, ұйымдастыру комитетінің тізімі бекітілді.

Комитет мүшелерінің түйіндемелері кәсіби тәжірибесі т.б жинақталып, жазылды. Қазылар құрамына саланың білікті мамандары мен сарапшылар енгізілді. Әрбір қазылық ететін мамандардың кәсіби тәжірибесі ескерілді. Тапсырыс берушімен бекітілген фестиваль бағдарламасы бойынша өткізілу күні мен орны көрсетілді. Конкурстық құжатнама (Ереже) жасақталды. Қатысу шарттары, бағалау критерийлері және жеңімпаздарды анықтау тәртібі айқындалды. Фестивальді кеңінен насихаттау мақсатында әлеуметтік желілерде ақпараттық жарияланымдар орналастырылды. Жариялымда бағдарлама мен байқау шарттары көрсетілді.

Ұйымдастыру комитетінің жұмысын даярлау және фестиваль бойынша дайындық жұмысын жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара барысы әлеуметтік желіге жарияланды. Сілтеме:

1. [https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr\\_/?igsh=bnR2cWRuajE5Mm5q](https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr_/?igsh=bnR2cWRuajE5Mm5q)
2. [https://www.instagram.com/p/DP3iu4QgqLS/?img\\_index=2&igsh=d2xhamNxM3M2MWcz](https://www.instagram.com/p/DP3iu4QgqLS/?img_index=2&igsh=d2xhamNxM3M2MWcz)
3. <https://www.instagram.com/reel/DP9ODKggjvk/?igsh=bjN5bnAxdHU0bmIz>

## **2 - міндет. Ұлттық дәстүрлерді дәріптеу деңгейін арттыру мақсатында Маңғыстау облысының 300 тұрғынын қамти отырып, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру**

*№ 1 іс-шара. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қолөнер өнерін дамыту үшін қатысушыларды оқыту, жойылып бара жатқан тоқыма түрлері (аяқ қап, шайкиіз, кермеқап, шашақбау, текемет, құр тоқу) бойынша 6 шеберлік сағат ұйымдастыру*

Ұлттық құндылықтарды сақтау, дәріптеу және қолөнер өнерін дамыту мақсатында қатысушыларға арналған оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды. Аталған бағдарлама аясында жойылып бара жатқан дәстүрлі қолөнер бағыттары бойынша 6 шеберлік сағат өткізу жоспарланды. Жалпы саны 100 адамнан кем емес қолөнершілерді қамтуды мақсат еткен жоба аясында 2025 жылдың тамыз–қазан айлары аралығында алты бағыт бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Шеберлік сағаттары төмендегі жойылып бара жатқан дәстүрлі қолөнер бағыттары бойынша өткізілді:

- шайкиіз;
- аяққап;
- текемет;
- шашақбау;
- кермеқап;
- құр тоқу.

Бұл шеберлік сабақтардың мақсаты - жергілікті қолөнершілердің ұлттық қолөнер бұйымдарын дайындау дағдыларын жетілдіру, дәстүрлі шеберлік әдістерін үйрету және тәжірибе алмасу арқылы олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту. Сонымен қатар, шеберлердің шығармашылық әлеуетін арттырып, ұлттық қолөнерді сақтау, дамыту және фестивальге шығарылатын сапалы өнімдер санын көбейтуге ықпал ету.

Шеберлік сағаттарына қатысушылардың жалпы саны анықталды. Қатысушылардың толық тізімі жасалып, тіркелді. Шеберлік сағаттарын өткізетін тартылған мамандар (қолөнер шеберлері) анықталды. Әрбір тартылған маманның түйіндемесі кәсіби тәжірибесі, т.б жинақталды.

Өткізілген шеберлік сағаттардың фото және бейнематериалдар түсірілді. Іс-шараны кеңінен насихаттау мақсатында шеберлік сағаттары туралы анонстар әлеуметтік желілерде ақпараттық жарияланымдар орналастырылды.

1-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 12- 14 тамыз күндер аралығында қолөнер саласының шебері Балгабаева Күлшаттың және 17 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында «Шәйкііз жасау» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді. Шеберлік сабағына әртүрлі жастағы қатысушылар – қолөнерге қызығушылық танытқан жастар мен ересектер жиналды. Үш күн бойы қатысушылар қазақтың дәстүрлі шәйкііз өнерінің тарихымен, маңызымен танысып, шынайы практикалық дағдыларға ие болды. Сабақ барысында табиғи материалдарды қолдану, өрнек түрлері, түстердің үйлесімі, және шәйкіізді тігу техникасы сияқты маңызды элементтерді үйреніп, меңгерді. Шеберлік сабақ соңында қатысушылар шәйкііз жасаудың дәстүрлі технологиясын тәжірибе жүзінде игерді. Қатысушылар арасында қазақтың қолөнеріне, дәстүрлі киіз басу өнеріне деген құрмет пен қызығушылық артты. Өз қолымен өнім дайындаған қатысушылар ұлттық өнер арқылы өзін-өзі танытуға мүмкіндік алды. Барлық қатысушыларға шара соңында сертификат табысталды.

Қатысушылар ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, өз қолымен шағын бұйымдар жасап көрді. Сонымен қатар, олардың шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамдары дамыды.

<https://www.instagram.com/p/DNWK-pkinT1/?igsh=c2tnaG9mY3ZwdWk=>

<https://www.instagram.com/reel/DM99qogiUyb/?igsh=cTFmaWw3NHk0Yndv>

<https://www.instagram.com/p/DM99QFcid3u/?igsh=MWVvYwYwbzVsODRyMA==>

<https://www.facebook.com/share/p/177H5zqtJ5/>

<https://www.facebook.com/share/v/1FTtfoP9be/>

<https://www.facebook.com/share/r/19xyUU2dTi/>

2-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 20-22 тамыз күндер аралығында тәжірибелі қолөнер шебері Балгабаева Күлшаттың қатысуымен Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында 16 адамның қамтылған «Аяққап жасау» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді.

Аяққап шеберлік сабақ мақсаты - ұлттық қолөнер дәстүрлерін сақтап, оны заманауи қоғамда қайта жаңғырту және жастар арасында танымал ету. Шеберлік сабақ осы мақсатқа толық сай өткізіліп, қатысушылардың қызығушылығын оятты әрі олардың шығармашылық дағдыларын дамытуға септігін тигізді.

[https://www.instagram.com/p/DNtTH\\_tRIOQ/?igsh=d3p4NjQzcnhxODU5](https://www.instagram.com/p/DNtTH_tRIOQ/?igsh=d3p4NjQzcnhxODU5)

<https://www.instagram.com/p/DNtUW5RxBpz/?igsh=dW85ZjRnenl5ZzVp>

<https://www.facebook.com/share/p/19pthof4K2/>

<https://www.facebook.com/share/r/1M5D3Ny9K1/>

3-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 02-04 қыркүйек күндер аралығында бірнеше жылдық тәжірибесі бар шебер Байдиева Секер және жобаға қызығушылық танытқан 16 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында «Текемет жасау» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді.

Текемет жасау шеберлік сабағының мақсаты – қатысушы қолөнершілерге дәстүрлі текемет басу технологиясын үйрету, ою-өрнек түсіру әдістерін меңгерту, табиғи бояуларды қолдану дағдыларын жетілдіру және ұлттық қолөнерді жаңғыртуға бағытталған кәсіби тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру.

Қатысушылар текемет жасаудың негізгі кезеңдерімен танысты (жүн іріктеу, бояу, өрнек салу, киіз басу, кептіру, безендіру). Қатысушылар текемет ою-өрнегінің символдық мағынасын, түстер үйлесімін және композициялық құрылымын меңгерді. Барлық қатысушыларға шара соңында сертификат табысталды.

<https://www.instagram.com/p/DN3mN5qxJRF/?igsh=N295Y3pwb2Nhcjlk>

<https://www.instagram.com/p/DOMPYKZAikS/?igsh=MXd1NHNqcmVwNHRoMg==>

<https://www.facebook.com/share/p/1DGjX72oPg/>

<https://www.facebook.com/share/r/1C3APdd1B7/>

4-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 16-18 қыркүйек күндер аралығында Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында шашақбау жасау шебері Науханова Назифа Иргебаевнаның жүргізуімен және 24 адамның қатысуымен «Шашақбау жасау» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді.

Шашақбау жасау шеберлік сабағының мақсаты – қатысушыларға дәстүрлі шашақбау өру техникасын үйрету, ұлттық ою-өрнектерді қолдану әдістерін меңгерту және бұйымның эстетикалық сапасын арттыруға бағытталған дағдыларды дамыту. Қатысушылар дәстүрлі қазақ қолөнерінің маңызды бір саласы шашақбау жасаудың қыр-сырымен танысты. Шеберлік сабағы барысында қатысушылар шашақ жасаудың мәні мен маңызын, бау тоқудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп, өз қолдарымен бұйымдар жасауды үйренді.

Шара қолөнер шеберлері мен жастар арасындағы тәжірибе алмасуға, ұлттық мұраны сақтап, оны қазіргі заманмен үйлестіруге үлкен мүмкіндік берді. Барлық қатысушыларға шара соңында сертификат табысталды.

<https://www.instagram.com/p/DOZBygAA1TR/?igsh=MXy4aHQweGtoajBuMQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DO1c11BAkZJ/?igsh=ZGtxczc1ZG14MTMy>

<https://www.facebook.com/share/r/1Emw2dn1kc/>

5-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 27-29 қыркүйек күндер аралығында Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында кермеқап жасау шебері Бопанаева Бақтылы жүргізуімен сондай-ақ 12 адамның қатысуымен «Кермеқап жасау» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді.

«Кермеқап жасау» шеберлік сабағының мақсаты – қатысушыларға кермеқаптың құрылымын, оны дайындаудың дәстүрлі әдістерін, материалдарды дұрыс таңдау мен сәндік элементтерді үйлестіру тәсілдерін үйрету. Сонымен қатар, шеберлердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, ұлттық қолөнерді жаңғырту, тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру және сапалы, сұранысқа ие бұйымдар шығару мүмкіндігін арттыруға бағытталды.

[https://www.instagram.com/p/DO\\_6y08ghpa/?igsh=MTQ1MmVtczh0NXF2eA==](https://www.instagram.com/p/DO_6y08ghpa/?igsh=MTQ1MmVtczh0NXF2eA==)

<https://www.instagram.com/p/DPUY-3NAqFD/?igsh=MTdzMjVja2hycnJpNA==>

<https://www.facebook.com/share/r/14PjQz5NnTj/>

Шеберлік сабағына әртүрлі жастағы қатысушылар қатысты. Қатысушылар кермеқаптың тарихи маңызы, қолданылатын материалдар, әшекейлеу әдістері және тігу технологиялары таныстырылып, практикалық жұмыстар арқылы өз қолымен бұйым жасады. Іс-шара барысында қатысушылар шеберлерден жеке нұсқаулықтар алды. Дәстүрлі ою-өрнектер мен тігін әдістерін меңгеріп, өз қолдарымен дайын керме қап жасап шығарды. Шара соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды. Шеберлік сабағы қолөнерге қызығушылық танытқан жандарға шабыт беріп, ұлттық мұрамызды ұлықтауға өз үлестерін қосты.

6-ші шеберлік сабақ. 2025 жылдың 25-27 қыркүйек күндер аралығында Ақтау қаласы, 12ш/а, 21 үй ғимаратында рмеқап жасау шебері Есболова Ақмаржан Қайсахметқызының және 14 адамның қатысуымен «Құр тоқу» 3 күндік шеберлік сабағы өткізілді.

Қатысушылар жоғары ынта-жігермен жұмыс жасап, шығармашылық көзқарасын танытты. Шеберлік сабақ нәтижесінде әрбір қатысушы құр тоқу техникасын меңгеріп, ұлттық өрнек қолданылған бұйым жасап шығарды. Шеберлік сабақты кермеқап жасау шебері Есболова Ақмаржан Қайсахметқызы жүргізді.

«Құр тоқу» шеберлік сабағының мақсаты – қатысушыларға дәстүрлі құр тоқу әдістерін үйрету, түрлі өрнектерді құрастыру мен түстерді үйлестіру дағдыларын меңгерту, сондай-ақ қолөнершілердің кәсіби шеберлігін дамыту. Сабақ ұлттық қолөнер дәстүрін сақтау, шеберлер арасында тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру. Шеберлік сабақ барысында қатысушыларға құр тоқудың шығу тарихы мен тұрмыстағы маңызы туралы ақпарат берілді. Құр тоқудың негізгі құрал-жабдықтармен әдістері таныстырылды. Практикалық бөлімде жіп таңдау, арқауға көру, өрме тоқу әдістері көрсетіліп, әр қатысушы өз құр тоқуын орындады.

<https://www.instagram.com/p/DQOt0n0Ai0y/?igsh=anVzcjVydZFqdHN1>

<https://www.instagram.com/reel/DQZxE7gAqtv/?igsh=am9laXN0YXg4YXhq>

### ***№ 2 іс-шара. Маңғыстау облысында халық қолөнерін насихаттауға бағытталған Республикалық Қазақ өнері мен әдет-ғұрып» 2 күндік фестивалін өткізу***

Маңғыстау облысында ұлттық мәдени мұраны сақтау және халық қолөнерін кеңінен насихаттау мақсатында «Республикалық Қазақ өнері мен әдет-ғұрып» атты 2 күндік фестиваль ұйымдастырылды. Фестивальға әр аудандардан келген қолөнер шеберлері мен өнер иелерін біріктірді. Фестивальге қатысушылардың жалпы саны алдын ала айқындалып, іс-шара форматына сәйкес жоспарланды. Қатысушылар құрамына қолөнер шеберлері, өнерпаздар, шығармашылық ұжымдар және салалық мамандар кірді. Фестивальге қатысатын барлық қатысушылардың толық тізімі жасалып, ұйымдастыру комитеті арқылы бекітілді. Тізімде қатысушылардың аты-жөні, өңірі, бағыты (қолөнер, өнер, шеберлік сағаты және т.б.) көрсетілді. Фестивальдің өту барысы толықтай құжаттандырылды. Фестиваль бағдарламасы, көрме-жәрмеңке, шеберлік сағаттар мен сахналық көріністер бейнематериалдарға жазылды. Фестивальдың жалпы қатысушылар саны-300 адам болды.

Фестиваль халық қолөнерін, қазақтың дәстүрлі өнерін және әдет-ғұрыптарын дәріптеуге бағытталды. Фестивальдің негізгі мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін, ұлттық өнері мен салт-дәстүрін кең аудиторияға таныстыру, шеберлердің шығармашылығын қолдау және тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау.

### ***№ 3 іс-шара. Республикалық фестиваль шеңберінде қазақ киіз үйін құру және жинау туралы бір күндік мастер класс ұйымдастыру***

Республикалық фестиваль шеңберінде ұлттық мұраны сақтау және дәстүрлі сәулет өнерін насихаттау мақсатында қазақ киіз үйін құру және жинау бойынша бір күндік мастер-класс ұйымдастырылды.

Аталған іс-шара қатысушыларды киіз үйдің құрылымы, бөлшектеу, құрастыру жасалу ерекшеліктері мен безендіру дәстүрлерімен таныстыруға бағытталды. Мастер-класс барысында қатысушылар киіз үйдің негізгі бөліктерін (кереге, уық, шаңырақ, киіз жабындары) құру, жинау және қайта шешу үдерістерін тәжірибе жүзінде меңгереді.

Сонымен қатар, киіз үйді ұлттық нақышта безендіру тәсілдері көрсетіледі. Мастер-класс аясында орнатылған киіз үйлердің саны – 3 киіз үй болды, алдын ала жоспарланып, іс-шара барысында толық құрылды. Мастер-классқа қатысушылардың жалпы саны -100 адам болып анықталып, тіркеу арқылы бекітілді. Іс-шараға қатысқан барлық қатысушылардың толық тізімі жасалды. Мастер-класс барысы толықтай фото және бейнетүсіріліммен қамтылды.

Қатысушылардың тәжірибелік жұмыстары және дайын безендірілген киіз үйлердің көріністері фото және видеоматериалдарда тіркелді. Мастер-класс нәтижесінде қатысушылар өз қолдарымен шеберлермен бірге жұмыстар жасады. Көрмеде ұлттық қолөнер элементтері, дәстүрлі әшекейлер мен қатысушылардың шығармашылық жұмыстары көпшілік назарына ұсынылды.

Аталған іс-шара ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеуге, дәстүрлі киіз үй мәдениетін насихаттауға және практикалық білімді кеңейтуге бағытталды.

#### ***№ 4 іс-шара. Республикалық фестиваль аясында бағдарламаға қатысушылар мен қолөнершілер арасында киіз үйді безендіру, кәдесыйлар байқауын өткізу***

Фестиваль аясында бағдарламаға қатысушылар мен қолөнершілер арасында мәдени іс-шара бойынша ұлттық қолөнерді дәріптеу, шеберлердің шығармашылығын қолдау және үздік жұмыстарды анықтау мақсатында байқау ұйымдастырылды.

Байқауға әділқазы төрешілер комиссиясы құрылып, байқауға қатысушы номинанттардың жұмысын зерделеп, бағалап қорытынды нәтижелерін шығарды.

Байқау нәтижесінде 8 қатысушы номинация бойынша жеңімпаздар болса қалған 4 қатысушы ынталандыру сыйлығына ұсынылып, анықталды. Байқауға қатысушы номинанттардың фотолары, қатысушылар тізімі, табыстау актісі, хаттамасы толтырылып, есепке тіркелді.

Байқау номинациялары мен жеңімпаздары:

1. Ең жақсы жүннен жасалған бұйымдар (киіз, текемет, сырмақ) - Карымсакова Акшагул Сатыбалдиевна, Қарақия кәсіптік колледжі
2. Үздік тоқыма бұйымдары (басқұр, шашақбау) - Тынымбай Бибіфатима Ізтұрлықызы, Ақтау қаласы.
3. Дәстүрлі қазақ кестесі - Кесікова Гульнара Айтқалиқызы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы
4. Ең жақсы ағаш өнімі - Тиленбаев Алдаберген Жайлауович, Бейнеу ауданы, Сарға ауылы
5. Ең жақсы зергерлік бұйымдар - Төребай Дамир Баубекұлы, Ақтау қаласы
6. Ең жақсы керамикалық өнім - Қанабаев Нурдаулет, Жаңаөзен қаласы
7. Ең жақсы ши - Кульмырзаева Гульшат Ералиевна, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы
8. Ең жақсы кәдесый – Нұрғаным Сабырбаева, Ақтау қаласы.

Байқау номинациялары мен ынталандыру сыйлығына ұсынылғандар:

1. «Ең жақсы тоқыма бұйым» - Қанат Сәлима Мәлікқызы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
2. «Ең жақсы дәстүрлі қазақ кестесі - Елубаева Зухра Сапарбаевна, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы
3. «Ең жақсы тоқыма бұйым» - Науханова Назифа Иргебаевна, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы
4. «Ең жақсы кәдесый» - Гаржаубаева Нурша Амангельдиевна, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

Әр номинация бойынша ұсынылған жұмыстардың сапасы, ұлттық дәстүрге сәйкестігі, көркемдік деңгейі және орындалу шеберлігі қазылар алқасы тарапынан бағаланды.

Бағалау нәтижесінде байқауға барлығы 12 қатысушы болды, оның 8 қатысушысы аталған номинация бойынша үздік деп танылған қатысушылар жеңімпаз атанса, қалған 4 қатысушы ынталандыру сыйлығына ұсынылып, анықталды. Байқау ұлттық қолөнердің дамуына, дәстүрлі өнер түрлерін насихаттауға және қолөнер шеберлерінің шығармашылығын ынталандыруға бағытталды.

### ***№ 5 іс-шара. Республикалық фестиваль аясында қатысушылардың дәстүрлі киіз үйді безендіру бұйымдарын жасау бойынша демонстрациялық шеберлік сағаттарын өткізу***

Республикалық фестиваль шеңберінде ұлттық қолөнерді насихаттау, дәстүрлі киіз үй мәдениетін жаңғырту және шеберлердің тәжірибесін кеңінен таныстыру мақсатында қатысушылардың дәстүрлі киіз үйді безендіруге арналған бұйымдарды жасау бойынша демонстрациялық шеберлік сағаттары ұйымдастырылды.

Аталған іс-шара аясында барлығы 10 демонстрациялық шеберлік сағаты өткізілді. Шеберлік сағаттары барысында қатысушылар бұйымдарды дайындау технологиясымен, қолданылатын материалдармен және ұлттық өрнек ерекшеліктерімен танысты. Іс-шара көрермендер үшін ашық форматта өткізіліп, ұлттық қолөнердің көркемдік және тәрбиелік маңызын кеңінен көрсетуге мүмкіндік берді. Шара аясында шеберлердің шеберлік сабақтары сериясы көрсетілді. Атап айтар болсақ олар:

1. Жүнмен жұмыс жасау
2. Дәстүрлі қазақ кестесі
3. Ұршық иіру
4. Ағашпен жұмыс
5. Шашақ жасау
6. Керамикамен жұмыс
7. Құр тоқу
8. Зергерлік бұйымдармен жұмыс
9. Қамшы өру
10. Ши тоқу

Фестиваль қонақтары бұйымдарды тамашалап қана қоймай, шеберлердің ұйымдастырған шеберлік сабақтарына қатысып, келушілерге ұлттық қолөнердің қыр-сырымен бөлісті. Сонымен қатар, шеберлермен тікелей сұхбат құруға, олардың жұмыс тәсілдерімен танысуға, қолданылған табиғи материалдар мен дәстүрлі технологиялар жөнінде толық ақпарат алуға мүмкіндік алды.

### ***№ 6 іс-шара. Республикалық фестиваль аясында Маңғыстау облысы шеберлерінің қолөнер жәрмеңкесін ұйымдастыру***

Республикалық фестиваль шеңберінде Маңғыстау облысының халық қолөнерін насихаттау, жергілікті шеберлердің шығармашылығын қолдау және олардың өнімдерін көпшілікке таныстыру мақсатында қолөнер жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеге Маңғыстау облысының кәсіби және әуесқой қолөнер шеберлері қатысып, ұлттық дәстүрге сай дайындалған бұйымдарын ұсынды. Экспозицияға киіз және жүн бұйымдары, тоқыма өнімдері, зергерлік әшекейлер, ағаш және керамика бұйымдары, кәдесыйлар мен тұрмыстық қолөнер заттары қойылды.

Жәрмеңке барысында келушілер шеберлердің қолымен жасалған бірегей бұйымдармен танысып қана қоймай, оларды сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Іс-шара қолөнер шеберлерінің кәсіби деңгейін арттыруға, олардың өнімдерін нарыққа шығаруға және халық арасында ұлттық қолөнерге деген қызығушылықты күшейтуге бағытталды.

Аталған қолөнер жәрмеңкесі республикалық фестивальдің маңызды құрамдас бөлігі болып, Маңғыстау өңірінің мәдени әлеуетін кеңінен таныстыруға ықпал етті.

### ***№ 7 іс-шара. Республикалық фестиваль аясында Маңғыстау өңірінің музыканттары қатысатын дәстүрлі және заманауи музыкалық бағдарлама ұйымдастыру.***

Республикалық фестиваль шеңберінде Маңғыстау өңірінің музыкалық мәдениетін насихаттау және дамытуды қамтамасыз ету мақсатында дәстүрлі және заманауи музыкалық бағдарлама ұйымдастырылды. Бағдарламаға жергілікті музыканттар, орындаушылар және шығармашылық ұжымдар қатысты.

- М. Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы әнші, күйші, домбырашы Айнұр Омарованың орындауында «Бозбала» күйі;
- М. Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының жергілікті өнерпаз әншісі Жігер Бектұрғановтың орындауында халық әні «Япурай» (заманауи өңдеу), «Терісқақпай» (фондық музыка), «Халық әні «Айжан-ай»;
- Мұнайлы ауданы «Фариза Оңғарсынова атындағы аудандық орталық мәдениет үйі» оқушыларының орындауында «Адай» күйі орындалды.

Республикалық фестивальді кеңінен насихаттау және халыққа жеткізу мақсатында жүйелі ақпараттық қамту ұйымдастырылады. Ақпараттық шаралар фестивальдің барлық кезеңін – дайындық, өткізу және қорытындылау кезеңдерін қамтиды. Бағдарламаның ұйымдастырылуы кәсіби деңгейде жүргізіліп, әр орындаушының өнерін көрсететін сахналық орын мен техникалық жабдықтар толық қамтамасыз етілді. Аталған іс-шара фестивальдің мәдени-тарихи мазмұнын байытуға және Маңғыстау өңірінің музыкалық әлеуетін танытуға бағытталды.

Сонымен қатар әдемі әуенмен өрілген фондық музыкада сән көрсетілімі сәнгерлік топтамалар көрсетілімі ұйымдастырылып, көрермендер оны қызығушылықпен тамашалап, зор ықылас танытты. Шеберлердің өз қолдарынан шыққан ұлттық нақышта тігілген киімдерді жақынан көруге, танысуға мүмкіндік алды.

### ***№ 8 іс-шара. Республикалық фестиваль бойынша ақпараттық қамтуды ұйымдастыру***

Жобаның аясында ақпараттық қамтылу болды, мониторинг, шеберлік сабақтар, фестиваль туралы ақпараттар жарияланып отырды. Фестиваль туралы ресми парақшаларында анонстар, фото және бейнематериалдар жасалды.

Іс-шара барысында жүргізілген түсірілімдер, мастер-класс, көрмелер, концерттік бағдарламалар және байқаулардан алынған материалдарды жинақтау. Ақпараттық қамту фестивальдің халыққа көрнекі, қолжетімді және қызықты түрде ұсынылуын қамтамасыз етті, қатысушылар мен көрермендер санын арттырды және ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеуге ықпал етті.

Әлеуметтік желілерде жарияланым мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау 35 контент пен пост релиздер және 1 Egemen.kz «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің ресми сайтына мақала, 1 «Отпан News» Маңғыстаудың ақпараттық порталына, 1 облыстық «Маңғыстау» газеті мақала, Маңғыстау телеарнасына 1 көрсетілім шығарылып, орындалды.

БАҚ-та жарияланым:

1. <https://egemen.kz/article/397365-aqtauda-qazaq-oneri-men-adet-ghuryry-nasikhattaldy>
2. <https://otpannews.kz/kz/news/aktauda-kazak-oneri-men-det-gurpyn-nasikhattaityn-festival-otti-KZ>
3. <https://mangystautv.kz/kz/news/41680>

Әлеуметтік желі сілтемелері:

1. <https://www.instagram.com/p/DP65ehuggaN/?igsh=bHRmcDFycmJwbHFt>
2. [https://www.instagram.com/p/DP3iu4QgqLS/?img\\_index=2&igsh=d2xhamNxM3M2MWcz](https://www.instagram.com/p/DP3iu4QgqLS/?img_index=2&igsh=d2xhamNxM3M2MWcz)
3. <https://www.instagram.com/reel/DQA-K4KjGvn/?igsh=aHRxd3RobWhiMXJy>
4. [https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr\\_/?igsh=bnR2cWRuajE5Mm5q](https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr_/?igsh=bnR2cWRuajE5Mm5q)
5. <https://www.instagram.com/reel/DP9ODKggjvk/?igsh=bjN5bnAxdHU0bmIz>
6. <https://www.instagram.com/p/DP9QRpBgsxa/?igsh=NzJqbzk4ODBjOXY5>
7. [https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr\\_/?igsh=MTRjcGVldGt5ZXk2eA==](https://www.instagram.com/reel/DP9PguqArr_/?igsh=MTRjcGVldGt5ZXk2eA==)
8. [https://www.instagram.com/reel/DP9ODKggjvk/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/DP9ODKggjvk/?utm_source=ig_web_copy_link)
9. <https://www.instagram.com/reel/DP9GOd0DGVN/?igsh=MXR3Zzk0aW9rbTJvOQ==>
10. <https://www.instagram.com/p/DP65ehuggaN/?igsh=MXJjZWl6Z3BqNGVxNg==>

### **3 - міндет. Іс-шараға қатысушылардың халық қолөнері туралы білімі артқанын анықтау мақсатында сауалнама өткізу**

#### ***№ 1 іс-шара. Іс-шараға қатысушылардың халық қолөнері туралы білімі артқанын анықтау мақсатында сауалнама өткізу***

«Алтын Оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қорының «Қазақ өнері мен әдет ғұрып фестивалі» жобасының іс-шарасына қатысушылардың халық қолөнері туралы білімі артқанын анықтау мақсатында сауалнама өткізілді.

Бұл ретте, халық қолөнері туралы білімнің артқаны туралы атап өткен қатысушылардың үлесі 70 % - ды құрады.

Қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама үш міндет бойынша толық сараптамалық қорытынды жүргізілді. Мониторинг іс-шаралары бойынша мониторингке қатысушылардың қанағаттану деңгейі өте жоғары болды.

Мониторинг барысында ақпарат жеткізу, қатысушы пікірін ескеру, ұйымдастыру сапасы өте жоғары деңгейде өткен. Барлық респонденттер мониторингті пайдалы деп бағалаған.

Ұйымдастыру деңгейі 5 баллға өте жақын көрсеткішті көрсетті. Шеберлік сабақтары бойынша қойылған сұрақтарға респонденттер жауап беріп, шеберлік сабақтары да өте жоғары деңгейде бағаланған – мазмұны, ұйымдастырылуы және берілген білім қатысушылардың күткенінен толық шыққан.

Шеберлік сабақтары мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан өте тиімді болды. Шебердің жұмысы мен ұйымдастыру сапасы жоғары бағаланған, бұл бағдарламаның тиімділігін айқын көрсетеді. Фестиваль шаралары бойынша Фестиваль қатысушылардан жоғары қызығушылық пен толық қанағаттану алған.

Бағдарлама мазмұны да, ұйымдастыру да өте жоғары бағаланған. Фестиваль бағдарламасы қатысушылар үшін өте мазмұнды және тартымды болған. Қатысушылардың жұмысы мен ұйымдастырушы топтың қызметі мінсіз бағаланған. Қатысушылардың барлығы фестивальді басқаларға ұсынуға дайын — бұл жалпы сапаның ең жоғары көрсеткіші.

Жалпы қорытынды үш бағыт бойынша да барлық көрсеткіштер өте жоғары деңгейде. Қатысушылар: – ақпараттың түсініктілігін, – ұйымдастыру сапасын, – мазмұнның өзектілігін, – жаңа білім мен тәжірибе алу деңгейін максималды бағалады.

Бұл жобаның барлық іс-шаралары жүйелі, сапалы және мақсатқа бағытталған түрде өткенін дәлелдейді. Сауалнаманың диаграммасы, қорытынды талдау есепке тіркеліп, тапсырылды.

## **Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

### ***№ 1 іс-шара. Жобаның нәтижелері бойынша қорытынды презентация ұйымдастыру***

Шарт талаптарына сәйкес жобаны іске асыру қорытындылары бойынша Алтын Оймақ қолөнерді қолдау қоғамдық қорының «Ұмытылмас өнер» бағыты «Қазақ өнері мен әдет-ғұрып фестивалі» жобасының қорытынды есебі онлайн зум платформа бағдарламасы аясында көпшілікке арналған қорытынды жария презентация ұйымдастырылды.

Презентацияның негізгі мақсаты – жобаның жүзеге асу барысын, қол жеткізілген нәтижелерді және әлеуметтік-мәдени әсерін ашық түрде таныстыру. Қорытынды жария презентация барысында жобаның мақсаттары мен міндеттері, орындалған іс-шаралар, қамтылған қатысушылар саны, негізгі көрсеткіштер және қол жеткізілген нәтижелер жүйелі түрде ұсынылды.

Сонымен қатар, өткізілген мәдени іс-шаралар, фестивальдер, шеберлік сағаттары мен көрмелер туралы фото және бейнематериалдар көрсетілді. Іс-шара жобаның ашықтығын, есептілігін және шарт талаптарының толық орындалуын көрсететін маңызды қорытынды кезең болып табылды. Қорытынды жария презентация нәтижелері жобаның тиімділігін бағалауға, алынған тәжірибені таратуға және болашақта ұқсас жобаларды іске асыруға негіз болады. Қорытынды жария презентациясы сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/v/16decDUMQL/>

## **Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

### **№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру барысын ақпараттық жұмыс ұйымдастыру**

Жобаның іске асырылу барысы жөнінде жүйелі әрі уақтылы ақпараттық жұмыс жүргізілді. Ақпараттық жұмыс жобаның барлық кезеңін қамтып, оның ашықтығын, есептілігін және талаптарға толық сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Ақпараттық жұмыс аясында жобаның орындалу барысы туралы мәліметтер тұрақты түрде жинақталып, тапсырыс берушіге ұсынылды. Жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі, өткізілген мәдени шаралар, қатысушылар саны, қол жеткізілген нәтижелер және межелеген көрсеткіштер көрсетілді.

Instagram, Tiktok, Facebook әлеуметтік желілері арқылы ақпарат таратылып, 29995 қаралымды құрады.

Сонымен қатар, телеарна көрсетілімі жүргізілді. Бұдан бөлек, контент жоспар, дайджест дайындалды.

### ***1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:***

«Алтын Оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қоры жүзеге асырған «Қазақ өнері мен әдет-ғұрып фестивалі» әлеуметтік жобасының негізгі мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін сақтау, дамыту, насихаттау және өңірлік қолөнер шеберлерінің кәсіби әлеуетін арттыру, сондай-ақ халықтың ұлттық мәдени құндылықтарға қызығушылығын күшейту болды.

Жоба аясында:

- Маңғыстау облысының 6 ауданында мониторинг жүргізіліп, 100-ден астам қолөнер шеберінің кәсіби деңгейі, шығармашылық бағыты және фестивальге дайындығы анықталды;

- 6 бағыт бойынша 6 шеберлік сағаты ұйымдастырылып, 100-ден астам адам нақты практикалық білім алды;

- 300 адамды қамтыған республикалық деңгейдегі 2 күндік фестиваль өткізілді;

- ұлттық киіз үйді құру және безендіру бойынша мастер-кластар, байқаулар, жәрмеңкелер, музыкалық бағдарламалар ұйымдастырылды;

- ақпараттық қамту арқылы 29 995 қаралым жинақталып, БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.

### ***2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):***

Мақсатқа қол жеткізілгені төмендегі нақты фактілермен дәлелденеді:

Мониторинг нәтижелері:

- 6 мониторинг барысында қолөнер шеберлерінің фестивальге белсенді қызығушылығы, дайындық деңгейі және кооперацияға дайын екені анықталды.

Оқыту нәтижелері:

- жойылып бара жатқан қолөнер түрлері бойынша өткізілген 6 шеберлік сабағында қатысушылар дәстүрлі технологияларды толық меңгеріп, өз қолымен дайын бұйымдар жасады. Барлық қатысушылар сертификат алды.

Фестиваль нәтижелері:

- фестивальге 300 адам қатысты, 10 демонстрациялық шеберлік сағаты, қолөнер жәрмеңкесі, байқау, музыкалық бағдарлама өткізілді.

Сауалнама нәтижелері:

- қатысушылардың 70 %-ы халық қолөнері туралы білімінің артқанын атап өтті, ал ұйымдастыру мен мазмұн сапасы өте жоғары бағаланды.

### ***3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ***

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):**

Жобаны іске асыруға дейін Маңғыстау облысында қолөнер шеберлерінің басын қосатын жүйелі іс-шаралар саны шектеулі болды, жойылып бара жатқан дәстүрлі қолөнер түрлері бойынша тәжірибелік оқыту алаңдары жеткіліксіз деңгейде болды. Қолөнер шеберлерінің кәсіби деңгейін бағалау, олардың дайындық ахуалын зерделеу және фестиваль форматындағы ауқымды мәдени іс-шараларға қатысу мүмкіндіктері тұрақты түрде ұйымдастырылмаған.

Жобаны іске асыру барысында қолөнер шеберлерінің қызметіне мониторинг жүргізіліп, олардың кәсіби дайындығы, қолданатын технологиялары және фестивальге қатысу деңгейі анықталды. Жоба шеңберінде өткізілген шеберлік сағаттары арқылы қатысушылар дәстүрлі қолөнер түрлері бойынша практикалық білім алды. Фестиваль аясында қолөнер бұйымдарын көрсету, тәжірибе алмасу және шеберлердің өзара байланыс орнатуына жағдай жасалды.

Жоба аяқталған кезеңде қатысушылардың дәстүрлі қолөнер бағыттары бойынша ақпараттану деңгейінің артқаны сауалнама нәтижелері арқылы тіркелді. Қатысушылардың іс-шараларға қатысу белсенділігі, қолөнер бұйымдарын таныстыру мүмкіндігі және мәдени іс-шараларға тартылу деңгейі жобаны іске асыруға дейінгі кезеңмен салыстырғанда ұлғайды.

Жоба шеңберінде жоспарланған міндеттер орындалып, қолөнер саласына қатысты ақпараттық қамту кеңейтілді. Жобаның әлеуметтік әсері жоба аясында жинақталған деректер, сауалнама қорытындылары және есептік материалдар негізінде тіркелді.

## **II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат**

### **1) Гендерлік көрсеткіш:**

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
509	25	484

### **2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
509	97	175	18	10	14	74	60	10	25	26

### **3) Жас көрсеткіші:**

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
509	40	29	16	12	300	103	9

### III. Жобаның нәтижелері:

*1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

#### Сандық көрсеткіштер:

- 6 аудан мен қалада 6 мониторинг іс-шарасы өткізілді, оған 100-ден астам қолөнер шебері қатысты;
- жойылып бара жатқан дәстүрлі қолөнер түрлері бойынша 6 шеберлік сабағы ұйымдастырылып, 100-ден астам қатысушы қамтылды;
- республикалық фестивалге 300 адам қатысты;
- фестиваль аясында 10 демонстрациялық шеберлік сағаты, қолөнер жәрмеңкесі, байқау және мәдени бағдарламалар өткізілді;
- ақпараттық қамту нәтижесінде әлеуметтік желілерде 29 995 қаралым тіркелді;
- сауалнамаға қатысқан респонденттердің 70 %-ы халық қолөнері туралы білімінің артқанын көрсетті.

#### Сапалық өзгерістер:

- қолөнер шеберлерінің дәстүрлі технологиялар бойынша практикалық дағдылары жүйеленді;
- қатысушылардың ұлттық қолөнерге қызығушылығы мен қатысу белсенділігі артты;
- шеберлер арасында тәжірибе алмасу және өзара байланыс орнату үдерісі күшейді;
- ұлттық қолөнер бұйымдарын көпшілікке ұсыну және таныстыру мүмкіндіктері кеңейді.

*2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):*

Жоба дәстүрлі қазақ қолөнерінің жойылып кету қаупін төмендету, шеберлердің кәсіби әлеуетін арттыру және ұлттық мәдени мұраны кеңінен насихаттау мәселелерін шешуге бағытталды.

#### Болжамды оң өзгерістер:

- дәстүрлі қолөнер түрлері бойынша білім мен тәжірибенің сақталуы және келесі буынға берілуі қамтамасыз етіледі;
- қолөнер шеберлерінің кәсіби қызметін жалғастыруына және өнім көлемін арттыруына алғышарттар қалыптасады;
- ұлттық қолөнердің өңірлік және республикалық деңгейде танымалдығы артады;
- қолөнер саласында тұрақты мәдени іс-шараларды өткізу тәжірибесі қалыптасады.

#### Болжамды тәуекелдер (жағымсыз өзгерістер):

- жобадан кейін жүйелі қолдау болмаған жағдайда шеберлік сабақтарының тұрақтылығы төмендеуі мүмкін;
- қаржылық және нарықтық қолдау жеткіліксіз болса, кейбір шеберлердің белсенділігі бәсеңдеуі ықтимал.
- жалпы алғанда, жобаның ұзақмерзімді ықпалы оң сипатта бағаланып, ұлттық қолөнерді сақтау мен дамытуға негіз қалайды.

### ***3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:***

#### Әлеуметтік әсері:

- ұлттық мәдени құндылықтарға қоғамның қызығушылығы артты;
- қолөнер шеберлері мен тұрғындар арасында мәдени белсенділік күшейді;
- қатысушылардың халық қолөнері туралы білімі мен хабардарлық деңгейі артты;
- қоғамдық мәдени іс-шараларға қатысу мүмкіндігі кеңейді.

#### Экономикалық әсері:

- қолөнер жәрмеңкесі арқылы шеберлерге өз өнімдерін ұсыну және сату мүмкіндігі берілді;
- шеберлердің өнімдерін нарыққа бейімдеу және цифрлық ортада таныстыру бойынша дағдылары жетілдірілді;
- қолөнер саласындағы шағын кәсіпкерлік қызметті дамытуға алғышарттар қалыптасты;
- өңірдің мәдени-туристік әлеуетін арттыруға ықпал ететін жағдайлар жасалды.

**Грант алушы:** «Jasart» жеке меншік мекемесі

**Басым бағыттың атауы:** «Жас қаламгер» жобасы

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1-міндет. Жалпы саны 100 адамнан кем емес жас авторлар үшін белгілі жазушылармен және әдебиетшілермен кемінде 3 шеберлік сабағын өткізу**

***№ 1 іс-шара. Жалпы саны 100 адамнан кем емес жас авторлар үшін белгілі жазушылармен және әдебиетшілермен кемінде 3 шеберлік сабағын өткізу***

2025 жылғы 1 қараша күні, сағат:15.00-де, Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасының өлкетану залында, 150 адамның қатысуымен, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Шабыт» фестивалінің Гран-При иегері, бірнеше жыр жинағының авторы, ақын - Ербол Алшынбайдың «Поэзия және миф» тақырыбында қаламгер шеберханасы өткізілді.

Іс-шара туралы ақпарат, әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DQqZqaKAqw5/>

2025 жылғы 8 қараша күні, сағат:11.00-де, Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында, 150 адамның қатысуымен, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының иегері, халықаралық «Шабыт» фестивалінің «Әдебиет» номинациясы бойынша бас жүлдегері, журналист, ақын - Бауыржан Бабажанұлының «Алтын көпірліктер поэзиясы» тақырыбында қаламгер шеберханасы өткізілді.

Әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/zhaskalamger012/>

2025 жылғы 10 қараша күні, сағат: 16.00-де, Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында, 150 жас жазба ақындар, поэзияға қызығатын жас оқырмандар қатысуымен, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан жазушылар одағының Төлеген Айбергенов атындағы сыйлығының иегері, «Отан», «Құрмет» орденінің иегері, ақын - Светқали Нұржанның «Сөздің киесі мен ақынның миссиясы» тақырыбында қаламгер шеберханасы өткізілді.

Әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DQ8G9EPgikL/>

Өткізілген 3 шеберлік сағатына барлығы 450 қатысушы қамтылды.

**2-міндет. Маңғыстау облысының аудандарында әрқайсында кемінде 20 адамның қатысуымен жас жазушылардың 5 әдеби-музыкалық кешін өткізу**

***№ 1 іс-шара. Маңғыстау облысының аудандарында әрқайсында кемінде 20 адамның қатысуымен жас жазушылардың 5 әдеби-музыкалық кешін өткізу***

«Ақиық өлке, алғи-жыр» Маңғыстау ақындарының жыр керуені жүзеге асырылды. Ұлт рухын жырмен өрген, сөз құдіретін серік еткен Маңғыстау ақындары облыс аудандарына жыр сапарының афишасы жасақталып, әлеуметтік желілерде таратылды. Сондай-ақ, аудандардың басшылықтарына хат жолданып, өзара келісімімен жүзеге асырылды.

Маңғыстау ауданы Мұнайлы ауданы, Қарақия ауданы, Түпқараған ауданы, Жаңаөзен қаласында, «Ақтау әдеби - музыкалық кеші» ұйымдастырылды. Әр ауданда 150 адамнан аса көрерменмен қамтып, рухани әсер қалдырды.

1. 14 қазан, 2025 жыл., сағат: 15.00, Маңғыстау ауданы, Маңғыстау аудандық орталық кітапханасы – 150 адам
2. 15 қазан, 2025 жыл., сағат: 17.00, Түпқараған ауданы, Түпқараған аудандық мәдениет үйі – 150 адам
3. 16 қазан, 2025 жыл., сағат: 17.00, Қарақия ауданы, Қарақия аудандық мәдениет үйі – 150 адам
4. 17 қазан, 2025 жыл., сағат: 17.00, Мұнайлы ауданы, Ф.Оңғарсынова атындағы аудандық орталық мәдениет үйі – 150 адам
5. 18 қазан, 2025 жыл., сағат: 17.00, Жаңаөзен қаласы, «Мұнайшы» мәдениет үйі – 150 адам
6. 28 қазан, 2025 жыл., сағат: 11.00, Ақтау қаласы, №33 жалпы білім беретін мектеп – 150 адам

Әр ауданды өткізілген әдеби музыкалық кеш туралы ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды. Сілтемесі:

1. Маңғыстау ауданы <https://www.instagram.com/p/DPzZKv-jPOv/>
2. Мұнайлы ауданы <https://www.instagram.com/p/DPI70b0jPCi/>
3. Қарақия ауданы <https://www.instagram.com/p/DP4f4CJgip1/>
4. Түпқараған ауданы <https://www.instagram.com/p/DQCSs2egnNg/>
5. Жаңаөзен қаласы [https://www.instagram.com/p/DQGWoe\\_AtO7/](https://www.instagram.com/p/DQGWoe_AtO7/)
6. Ақтау <https://www.instagram.com/p/DQZLazoApxO/>

**3 - міндет. Жас жазушыларды қолдау мақсатында үш жас автордың кітаптарын басып шығару, олардың облыс орталығында тұсаукесерін ұйымдастыру және кемінде 50 адамның қатысуымен қорытынды кеш өткізу**

***№ 1 іс-шара. Жас жазушыларды қолдау мақсатында үш жас автордың кітаптарын басып шығару, олардың облыс орталығында тұсаукесерін ұйымдастыру және кемінде 50 адамның қатысуымен қорытынды кеш өткізу***

2025 жылғы 11 қараша күні, 150 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, Эльдивино ресторанында:

- Гүлфарида Ермекованың «Сезім көктеп жүректе» атты 500 дана жаңа кітабының;
- Жұмагүл Мұрсалдың «Ғашық болып қалмаңдаршы» атты 500 дана жаңа кітабының;
- Алтынбек Әлібаевтің «Құрақ көрпе» атты атты 500 дана жаңа кітабының тұсауы кесілді.

Жыр жинақтарының қызыл лентасын:

- Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Отан», «Құрмет» ордендерінің иегері, ақын Светқали Нұржан,
- «Құрмет» орденінің иегері, «Шабыт» фестивалінің лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Әнуар Бимағанбет,
- Қазақстан Жазушылар одағы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы, ақын Сұлтанбек Құдайберген кесіп, ақ тілектерін арнады.

Жас қаламгерлердің өлеңдерін жинақтап, авторлық кітап басылып шығарылып, жас қаламгерлердің авторлық кітаптары, тапсырыс беруші Маңғыстау облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына ұсынылды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, кеш туралы әлеуметтік желіге ақпараттар жарияланды. Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DQ9avchgonx/>

2025 жылғы 16 қараша күні, 150 адамның қатысуымен Жаңаөзен қаласы, Кендерлі мәдениет үйінде, Алтынбек Әлібайдың «Құрақ – құрақ бақ болады адамда» атты шығармашылық кеші және «Құрақ көрпе» кітабының қосымша тағыда тұсаукесері өтті.

Кеш қонағы Ғазизхан Шекербек арнайы келіп, Алтынбек Әлібайдың сөзіне жазылған әнін орындады.

Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DRL7PN5Ai7B/>

2025 жылғы 17 қараша күні, Түпқараған ауданы, Түпқараған аудандық мәдениет үйінде, 150 адамның қатысуымен Жұмагүл Мұрсалдың «Өлең – менің жанарымның жанартауы» атты шығармашылық кеші және «Ғашық болып қалмаңдаршы» кітабының қосымша тұсаукесері өтті.

Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DRMq0DFgtyy/>

2025 жылғы 18 қараша күні, 150 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, Гүлфарида Ермекова « Сезім көктеп жүректе...» атты кітабының тұсаукесері өткізілді.

Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DROvjHTjPh-/>

2025 жылғы 11 қараша күні, Ақтау қаласы, Эльдивино ресторанында, «Жас қаламгер» әлеуметтік жобасының қорытынды шарасы «Ақиық өлке, алғи-жыр» атты Маңғыстау ақындарының қорытынды кеші өтті. Кеш барысында Маңғыстау өңірінің талантты ақындары өз жырларын оқып, көрерменге шабыт пен рух сыйлады.

Жоба қорытындысы болған бұл кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылып, поэзия мен өнердің мерекесіне айналды.

Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/DQ9eofRgoXr/>

[https://www.instagram.com/p/DQ9W\\_VkuiN/](https://www.instagram.com/p/DQ9W_VkuiN/)

Өткізілген 4 тұсау кесу іс-шарсы мен жеке кеш бойынша барлығы 600 адам қамтылып, жаңа өнер туындысы туралы ақпараттар берілді.

**4 - міндет. Жас жазушыларды қолдау мақсатында үш жас автордың кітаптарын басып шығару, олардың облыс орталығында тұсаукесерін ұйымдастыру және кемінде 50 адамның қатысуымен қорытынды кеш өткізу**

**№ 1 іс-шара. Жас жазушыларды сөйлеген сөздері мен сұхбаттары бар кемінде 5 бейнеролик жасау, оларды жалпы 10 000 қаралымды қамтитын әлеуметтік желілер арқылы тарату**

Заманауи медиа технологияларды пайдалана отыра аймақтағы жас жазушыларды сөйлеген сөздері мен сұхбаттары бар кемінде 5 бейнеролик жасақталды. Қаралым саны 17 248 қаралымды құрады (25.11.2025 жылғы ақпарат). Дайындалған 5 бейнеролик рилс tiktok, instagram, facebook әлеуметтік желісі оның ішінде, @jasartmangystau және @mangystau\_zhazushylar\_odagy парақшалары арқылы таратылды.

Мұрсал Жұмагүл «Жүрегімді ауырттып алмау үшін»: <https://www.instagram.com/p/DRDD1EoAk3Y/> (қаралым саны: 1456)

Әлібаев Алтынбек «Құрақ көрпе»: <https://www.instagram.com/p/DQ8Bq8vAgfS/> (қаралым саны: 4065)

Ермекова Гүлфарида «Көк теңіз»: <https://www.instagram.com/p/DQ4cZ1AAmvP/> (қаралым саны: 1519)

Хожамедов Бекзат «Уа маңғыстау!»: <https://www.instagram.com/p/DQ4aIkhAuUl/> (қаралым саны: 9096)

Нұрсұлтан Есенғалиев «Бесік»: <https://www.instagram.com/p/DQ3PZssAvbG/> (қаралым саны: 1118)

### **Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

#### **№ 1 іс-шара. Жобаның қорытынды презентациясы**

Жоба нәтижелерін талқылау және барлық іске асырылған іс-шаралар бойынша қорытынды ақпаратты ұсыну мақсатында онлайн форматта есептік кездесу өткізілді. Кездесу барысында жоба шеңберінде орындалған міндеттер, негізгі көрсеткіштер, қол жеткізілген нәтижелер баяндалды. Онлайн кездесу қорытындысы бойынша әлеуметтік желіге қорытынды пост пен ақпараттық ресурстарда орналастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DRou2XYguLR/>

#### **№ 2 іс-шара. Қатысушылар арасында сауалнам жүргізу**

Жоба аясында ұйымдастырылған іс-шаралардан кейін сауалнама жүргізілді. «Жас қаламгер» жобасы нәтижесінде: 70% қатысушылардың сөздік қоры, бейнелі ойлауы, мәтін құру және әдеби шығармашылық дағдыларының жақсарғаны және әдеби ойлау, мәтін құру және шығармашылық ізденіс дағдылары айтарлықтай немесе аздап жақсарғанын, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу қабілетінің артқанын көрсетті.

Сонымен қатар, қатысушылар мен көрермендерге шараға дейінгі және кейінгі сауалнамалар таратылып, нәтижелері бойынша 1 талдамалық есеп әзірленді және жоба қатысушысының 1 видео пікірі жасақталды.

Растаушы құжат сілтемесі:

[https://drive.google.com/drive/folders/1\\_Qnqyod1xGM\\_wtx6HS-CI\\_WxbXP9oqbb?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/drive/folders/1_Qnqyod1xGM_wtx6HS-CI_WxbXP9oqbb?usp=drive_link)

### **Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

#### **№ 1 іс-шара. Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру**

Жобаны кең аудиторияға таныстыру және оның жүргізілу барысы туралы тұрақты ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кешенді контент жоспар арқылы жүзеге асырылды. Ақпараттық жұмыстар онлайн форматта жүргізіліп, әлеуметтік желілер, интернет ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ауқымды қамту қамтамасыз етілді. Өңірлік БАҚ-та жалпы 2 жарияланым жарық көрді. Әлеуметтік желілерде бірінғай хэштег қолданылып, фото, видео және ақпараттық контенттен тұратын 81 жарияланым орналастырылды.

YouTube, TikTok, Instagram және Facebook платформаларындағы материалдар 17 248 қаралым жинады. Ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары толық көлемде орындалып, барлық жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілді.

### ***1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:***

«Жас қаламгер» әлеуметтік жобасының басты мақсаты Маңғыстау өңіріндегі жас жазушыларды қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту және әдеби ортаға кәсіби тұрғыда бейімдеу болды. Жоба жас авторларға тәжірибелі қаламгерлермен тікелей байланыс орнатуға, өз шығармаларын жетілдіруге және кең аудиторияға таныстыруға мүмкіндік берді.

Жобаны іске асыру барысында белгіленген барлық міндеттер толық орындалды. Атап айтқанда, белгілі ақын-жазушылардың қатысуымен шеберлік сабақтары өткізіліп, жас қаламгерлерге теориялық және практикалық білім берілді. Бұл сабақтар шығармашылық ізденісті жүйелеуге және әдеби көзқарасты қалыптастыруға ықпал етті.

Жоба аясында ұйымдастырылған әдеби-музыкалық кештер өңірдегі мәдени өмірдің жандануына әсер етті. Аталған іс-шаралар жас авторлардың шығармашылығын насихаттауға, оқырманмен тікелей байланыс орнатуға және әдебиетке қызығушылықты арттыруға бағытталды.

Сонымен қатар, үш жас автордың жеке кітаптарының жарық көруі жобаның маңызды нәтижесі болды. Авторлық жинақтардың басылып шығуы жас қаламгерлердің еңбегін нақты нәтижеге айналдырып, олардың әдеби ортада танылуына жол ашты. Жобаның ақпараттық сүйемелденуі жоғары деңгейде жүргізілді. Әлеуметтік желілер мен медиа алаңдар арқылы жобаның барлық кезеңдері ашық жарияланып, кең аудитория қамтылды. Бұл жобаның танымалдығын арттырып, қоғамдық қолдауды күшейтті.

Жоба нәтижесінде жас қаламгерлердің шығармашылық белсенділігі артып, өңірлік әдеби орта нығайды. Қойылған мақсаттарға қол жеткізіліп, жоба әлеуметтік маңызы жоғары бастама ретінде өз тиімділігін көрсетті. Жалпы алғанда, жоба іс-шаралары арқылы 1950 адам қамтылып, жас қаламгерлердің шығармашылық дамуына нақты қолдау көрсетілді.

Негізгі нәтижелер бойынша қысқаша ақпарат:

- белгілі жазушылар мен әдебиетшілердің қатысуымен 3 шеберлік сабағы өткізілді;
- облыс аудандарында және қалаларында 5-тен астам әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылды;
- 3 жас автордың 1500 дана (әрқайсысы 500 дана) авторлық кітаптары жарық көріп, бірнеше өңірде тұсаукесерлері өткізілді;
- жас қаламгерлердің қатысуымен 5 бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілерде 17 248 қаралым жинады;
- жоба қорытындысы бойынша презентация, сауалнама, талдамалық есеп және видео пікір әзірленді.

### ***2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):***

Жобаның мақсаттарына қол жеткізілгені нақты сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы дәлелденеді. Жоба аясында өткізілген 3 шеберлік сабағына жалпы саны 450-ге жуық жас автор мен поэзияға қызығатын жастар қатысып, кәсіби қаламгерлерден тікелей тәжірибе алды.

Облыс аудандарында және қалаларында өткен әдеби-музыкалық кештерге әрқайсысында кемінде 150 адамнан көрермен жиналды. Бұл көрсеткіш жоспарланған деңгейден бірнеше есе жоғары болып, жобаның қоғам тарапынан жоғары сұранысқа ие екенін көрсетті.

Үш жас автордың 1500 дана кітаптары басылып шығып, облыс орталығында және аудандарда бірнеше рет тұсаукесерлері ұйымдастырылды. Кітаптардың жарық көруі жас жазушыларды қолдаудың нақты әрі өлшенетін нәтижесі болып табылады.

Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланып, фото және бейнематериалдармен расталды. Дайындалған бейнероликтер 17 248 қаралым жинады.

Қатысушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде 70%-ы әдеби ойлау, мәтін құру және шығармашылық дағдыларының жақсарғанын атап өтті. Бұл деректер жобаның мазмұндық және білімдік тиімділігін дәлелдейді.

Осы көрсеткіштердің барлығы жобаның бастапқы мақсаттарына қол жеткізілгенін және оның нақты әлеуметтік әсері бар екенін айқын көрсетеді.

**3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:** ауытқу жоқ

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):**

Жобаны іске асыруға дейін Маңғыстау өңіріндегі жас жазушылар үшін жүйелі шығармашылық алаңдар, кәсіби қаламгерлермен тұрақты байланыс орнату мүмкіндіктері және авторлық кітап шығару тәжірибесі шектеулі болды. Жас авторлардың көпшілігі өз шығармаларын көпшілікке ұсынуда, әдеби ортаға ену барысында және шығармашылық дамуда белгілі бір қиындықтарға тап болып келді.

«Жас қаламгер» жобасын іске асыру барысында бұл олқылықтарды жоюға бағытталған кешенді жұмыстар атқарылды. Шеберлік сабақтары мен әдеби кездесулер арқылы жас жазушылар кәсіби ақын-жазушылармен тікелей қарым-қатынас орнатып, әдеби бағыт-бағдар мен шығармашылық тәжірибе алды.

Бұл үрдіс жас авторлардың өзіндік сенімін арттыруға ықпал етті. Жоба аясында ұйымдастырылған әдеби-музыкалық кештер өңір тұрғындарының әдебиетке деген қызығушылығын арттырды. Жас ақындардың шығармаларын кең аудитория алдында оқу мүмкіндігі көбейіп, оқырман мен автор арасындағы мәдени диалог қалыптасты. Бұл өзгеріс өңірдегі әдеби ортаның жандануына әсер етті.

Жобадан кейінгі кезеңде жас қаламгерлердің шығармашылық белсенділігі артқаны байқалды. Қатысушылар өз шығармаларын әлеуметтік желілерде, әдеби алаңдарда жиі жариялай бастады, шығармашылық байланыстар орнатылып, бірлескен әдеби бастамаларға қызығушылық күшейді. Бұл жоба барысында қалыптасқан әдеби ортаның сақталып қалғанын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері жобаның әлеуметтік әсерін сандық түрде өлшеуге мүмкіндік берді. Қатысушылардың 70%-ы әдеби ойлау, сөздік қор, мәтін құру және шығармашылық ізденіс дағдыларының жақсарғанын, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу қабілеттерінің артқанын атап өтті. Бұл көрсеткіш жобаның білімдік және тәрбиелік маңызын дәлелдейді.

Сонымен қатар, жобаның нәтижесінде үш жас автордың кітаптары жарық көріп, бұл олардың шығармашылық дамуына ұзақ мерзімді ықпал ететін маңызды қадам болды. Кітап шығару тәжірибесі жас жазушылардың әдеби ортадағы мәртебесін көтеріп, болашақ шығармашылық жолына нақты негіз қалады.

Жалпы алғанда, жоба шеңберінде қойылған проблемалар мен міндеттер елеулі деңгейде шешілді. Жобаға дейінгі ахуалмен салыстырғанда, жоба аяқталған кезде өңірде жас қаламгерлерді қолдаудың тиімді тетіктері қалыптасып, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің оң динамикасы байқалды.

## II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

### 1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1950	1150	800

### 2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1950		1550		200				50		150

### 3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1950	50	500	600	300	300	300	

## III. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаның нысаналы тобы – Маңғыстау өңіріндегі жас жазушылар, поэзияға қызығатын жастар және әдеби орта өкілдері. Жобаны іске асыру барысында нысаналы топтардың тікелей қамтылуы 1950 адамды құрады. Атап айтқанда, белгілі қаламгерлердің қатысуымен өткізілген 3 шеберлік сабағына 450 жас автор мен жас оқырман қатысып, әдеби шеберлікті дамытуға бағытталған нақты білім мен тәжірибе алды.

Облыс аудандары мен қалаларында өткізілген 6 әдеби-музыкалық кешке 900 көрермен қамтылды. Әр іс-шарада орта есеппен 150 адам қатысып, жоспарланған ең төменгі көрсеткіштер бірнеше есе асыра орындалды. Бұл нысаналы топтың жоба іс-шараларына жоғары қызығушылық танытқанын көрсетеді. Жас жазушыларды қолдау мақсатында 3 жас автордың әрқайсысы 500 данадан, жалпы 1500 дана авторлық кітаптары жарық көрді. Кітаптардың басылып шығуы жас қаламгерлер үшін нақты шығармашылық нәтиже болып, олардың әдеби ортада танылуына және кәсіби дамуына ықпал етті. Сапалық тұрғыдан алғанда, жоба барысында жас авторлардың әдеби ойлау қабілеті, көркем тілдік қоры және мәтін құрастыру дағдылары айтарлықтай жақсарды.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, қатысушылардың 70%-ы өз шығармашылық деңгейінің өскенін, әдеби талдау мен көпшілік алдында сөйлеу қабілеттерінің артқанын атап өтті. Сонымен қатар, жобаның нәтижесінде жас қаламгерлер мен кәсіби жазушылар арасында тұрақты шығармашылық байланыстар қалыптасты. Бұл байланыстар жас авторлардың алдағы уақытта әдеби ортада белсенді болуына және өзіндік шығармашылық жолын қалыптастыруына негіз қалады.

***2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):***

Жобаға дейінгі негізгі проблема – өңірдегі жас жазушылардың кәсіби қолдаудың жеткіліксіздігі, шығармашылық алаңдардың аздығы және өз еңбектерін көпшілікке таныстыру мүмкіндіктерінің шектеулі болуы еді. «Жас қаламгер» жобасы осы мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталды. Жобаның ұзақмерзімді оң ықпалы ретінде өңірде жас қаламгерлердің тұрақты шығармашылық қауымдастығының қалыптасуын атап өтуге болады. Жоба барысында алынған тәжірибе, кәсіби байланыстар мен басылып шыққан кітаптар жас авторлардың алдағы шығармашылық белсенділігін сақтауға және арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әдеби-музыкалық кештер арқылы өңір тұрғындарының әдебиетке деген қызығушылығы артты. Бұл алдағы уақытта жергілікті мәдени бастамалардың көбеюіне, жаңа әдеби жобалардың туындауына және өңірлік әдебиеттің ұлттық деңгейде танылуына оң әсер етеді. Жас авторлардың кітап шығару тәжірибесі олардың болашақта баспалармен, әдеби ұйымдармен және мәдени мекемелермен жүйелі жұмыс істеуіне жол ашады. Бұл факторлар ұзақ мерзімде өңірдегі әдеби кадрлардың кәсіби деңгейінің өсуіне ықпал етеді.

Жағымсыз өзгерістердің туындау ықтималдығы төмен деп бағаланады, себебі жоба мәдени және білімдік бағытта жүзеге асырылып, қоғам үшін оң әлеуметтік әсер қалыптастырады. Керісінше, жобаның нәтижелері ұзақ мерзімді мәдени дамуға қызмет етеді.

***3) Іске асырылған жобаның әулеттік-экономикалық әсері:***

Жобаның әлеуметтік әсері ең алдымен өңірдегі мәдени және рухани ортаның нығаюынан көрініс тапты. Жас қаламгерлердің шығармашылық белсенділігі артып, қоғамда әдебиетке деген қызығушылық күшейді. Бұл әлеуметтік бірігуге, мәдени құндылықтарды дәріптеуге және жастардың зияткерлік дамуына ықпал етті.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, жоба аясында кітап шығару, іс-шараларды ұйымдастыру, мәдени мекемелердің қызметін жандандыру арқылы жергілікті қызмет көрсетушілер мен мәдени инфрақұрылымға жанама қолдау көрсетілді. Жергілікті кітапханалар, мәдениет үйлері және шығармашылық алаңдар белсенді пайдаланылды.

Сонымен қатар, жас авторлардың кітаптарының жарық көруі өңірлік баспа ісінің дамуына және мәдени өнімдердің айналымына оң әсер етті. Бұл болашақта әдеби өнімдердің нарыққа шығуына және шығармашылық индустрияның дамуына негіз қалайды.

Жоба нәтижесінде қалыптасқан шығармашылық дағдылар мен қоғамдық белсенділік жас жазушылардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін арттырды. Бұл өз кезегінде жастардың әлеуметтік бейімделуіне, өзіндік табыс көздерін қалыптастыруына және мәдени саладағы адами капиталдың өсуіне ықпал етеді. Жалпы алғанда, жоба әлеуметтік тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да оң әсер беріп, өңірдің мәдени дамуына және жастар саясатының тиімді іске асуына үлес қосты.